

Тарихтың
тағлымы бізден
ел қамын ойлар
естілікті тілейді.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#АҒАШТАРДЫАЯЛАЙЫҚ!



«ЖАСЫЛ ҚАЛА»
науқаны басталды

3

ЦИФРЛАНДЫРУ



АЛМАТЫ: «АҚЫЛДЫ
ҚАЛАДАҒЫ» ЖАҢА
МҮМКІНДІКТЕР

10

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 18 қазандағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
978 172

II компонентпен
911 923

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

19.10.2021

Түнде:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты
жауын-шашынсыз

Күндіз:



+17+19 °C
Көшпелі бұлтты
жауын-шашынсыз



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

20.10.2021

Түнде:



+7+9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз



Желдің
жылдамдығы:
0-5 м/с

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТКЕ ҰМТЫЛЫС

Алматы кәсіпорындарында
жаппай вакциналау қажеттілігі түсіндірілуде

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі қалалық жедел штабтың отырысы өтті.

Ағымдағы жылдың 7 қыркүйегінде ҚР аумағында корона-вирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі Ведомствоаралық комиссия вакциналау бойынша рейдтер алго-

ритмін бекіткен болатын. Алматының мониторингтік топтары 10 қыркүйектен бастап 302 бизнес нысаны мен мегаполистің жоғары оқу орындарын тексерді. Бұларда 65 536 қызметкер бар, олардың 55 618-і (84,8%) вакциналанған, 4439-ы (6,8%) екпе алмаған, ауырып жазылғандар немесе медициналық қарсы көрсетілімдері барлар – 5479 (8,4%).

2

ХАЛЫҚ САНАҒЫ-2021



МАҢЫЗДЫ ШАРАҒА ҮЛЕС ҚОСЫҢЫЗ!

Халық санағына қатысу –
әркімнің азаматтық парызы!



Қазақстандықтардың 39,6 пайызы халық санағына онлайн қатысты. Бұл туралы Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов мәлімдеді.

«16 қазаннан бастап санақ сауалдарына онлайн-режимде жауап беру функциясы тоқтатылды. 45 күн ішінде халқымыздың 40 пайызға (39,6% немесе 7 527 458 адам) жуығы санақтан өтудің осы жолын таңдады. Ал біздің интервьюерлер 3 миллион 792 мыңнан аса адаммен сауалнама жүргізген. Осылайша санақтан өткендер үлесі 60 пайызға жетті», – деді бюро басшысы.

3

ҚЫСҚА...

- Қажымұқанның 150 жылдығына орай Елордада даңқты балуанға ескерткіш орнатылды.
- Люксембургте Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына пошта-лық маркалар шығарылды.
- Алматыдағы Іле Алатауы ұлттық паркінде қар барыстарын өсіру орталығы құрылады.
- Денсаулық сақтау министрлігі 2025 жылға дейін дәрі-дәрмек пен медициналық бұйым шығаратын 30 зауыт салуды жоспарлауда.
- Алматыда жастарға арнап ашылған Халықаралық пікірталас және зерттеу орталығына қаладағы жоғары оқу орындары, колледждердің ағылшын тілін білетін студенттері қатыса алады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ИНДЕТПЕН КҮРЕС

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТКЕ
ҰМТЫЛЫС

Алматы кәсіпорындарында жаппай вакциналау қажеттілігі түсіндірілуде

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Барлық кәсіпорындарда коронавируспен қарсы вакциналанудың қажеттілігі мен маңызы туралы әңгімелер жүргізілді. Өйткені, вакциналанбаған қызметкерлердің басым бөлігі ұжымдарда дерттің кезекті ұшығуына әкелуі мүмкін. 11–17 қазан аралығындағы өткен аптада мониторингтік топтар 35 кәсіпорынды тексеріп, 12 541 адамды қамтыды. Олардың ішінде 9987 адам вакциналанған, 1240-ы екпе алмаған, 1314 адамның медициналық қарсы көрсетілімдері болған. Тексерушілер мониторинг барысында медициналық қарсы көрсетілімдері бар қызметкерлер арасында бекітілген 026-У формасының сәйкессіздігіне байланысты бірқатар бұзушылықтар анықталғанын атап өтті. Сондықтан медициналық анықтамалардың дұрыстығын тексеру үшін шаралар қабылданатын болады. Оның үстіне, Алматыда бірқатар сауда-ойын-сауық орталықтары мен сауда үйлері қызметкерлерінің Ashuq-тың «көк» мәртебесі бойынша жұмыс істейтіні, олардың әлі күнге дейін «жасыл» мәртебені алмағаны анықталды.

Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының Алматы филиалы ұсынған вакциналану Картасының негізінде қызметкерлер саны 50 адамнан асатын және вакциналанған қызметкерлердің саны 60%-дан төмен кәсіпорындарда вакциналау жоспары жасалды.

17 қазаннан бастап Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы күшіне енді. Оған сәйкес вакциналанған, вакциналанбаға да (жеті күнде бір рет) ПТР-тестісі және тұрақты медициналық қарсы көрсетілімі жөнінде анықтамасы бар немесе үш ай ішінде КВИ-мен ауырған қызметкерлерге жұмыс істеуге рұқсат етіледі.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы Кәсіпкерлер палатасының директоры А.Қошмамбетов хабарлағандай, «Атамекен» КВИ пандемиясымен күресудің жалғыз құралы ретінде халықты жаппай вакцинациялау қажеттілігін қолдайды. Денсаулық сақтау министрлігінің жаңа бұйрығын талқылау кезінде «Атамекен» сараптамалық қорытындыда өз ұстанымын білдірді. Жалпы, Кәсіпкерлер Палатасы кәсіпорын басшыларынан ұжымдарды вакциналауға барынша көмек көрсетуді және жағдай жақсаруды сұрайды.

Бұдан өзге, ағымдағы жылдың 28 шілдесінен бастап жолаушылар мен қоғамдық көлік жүргізушілерін тексеру жалғасуда. Тексерудің барлық кезеңінде 1618 автобус пен троллейбусқа мониторинг жүргізілді.

Қоғамдық көлікте бетперде режимін сақтамағаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 425-бабының 1-бөлігіне сәйкес 224 жеке тұлғаға

және бір заңды тұлғаға әкімшілік хаттамалар толтырылды. Оның ішінде өткен аптада 11 жолаушы жауапкершілікке тартылды. Қоғамдық көлікте бетперде тағу инфекция қаупін азайтатыны белгілі. Инфекцияны азайту үшін түнгі уақытта қоғамдық көлік салондарын дезинфекциялау ұйымдастырылды.

Дерттің төмендеуіне қарамастан эпидемиологиялық ахуал бұрынғыдай күрделі болып калуда. Күн сайын қалада 300-ден астам КВИ жұқтырғандар анықталады, инфекциялық стационарларда 1368 адам, оның ішінде 28 бала бар. Сондықтан мамандар Алматы тұрғындары мен қонақтарын әлеуметтік қашықтық пен бетперде тағу ережелерін қатаң сақтауға шақырады. Айта кетерлігі, дерттің өсуін тоқтатудың жалғыз әрі тиімді әдісі – вакциналану арқылы ұжымдық иммунитетті қалыптастыру.


БІЛІМ

«ЖАС МАМАН»
жобасы жаңғырудаРая
ЕСКЕНДІР

Қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров «Жас маман» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты. Жұмыс барысында ол колледждердің жаңа зертханалары мен өндірістік сыныптары базасында дуалды оқытуды енгізу бойынша жұмыстарды әлі де күшейтуді тапсырды. Бүгінгі таңда сұранысқа сай мамандардың денін колледждер даярлайтын болғандықтан, білікті кадрлар даярлайтын оқу орындарының жабдықтарына баса назар аударылды.

Қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров пен қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева бастаған топ Энергетика және электрондық технологиялар колледжі мен көпсалалы колледждің оқу корпусын аралап, ондағы «Жас маман» жобасының іске асырылу барысымен танысты. Сондай-ақ, оқу орнының материалдық-техникалық базасының сұранысқа сай екенін көрді.

«Жас маман» жобасы қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандыру арқылы колледждерді жаңғыртуға бағытталған. Осы жоба аясында жас мамандар неғұрлым сұранысқа ие кәсіптер бойынша дағдыларын қалыптастырады. Бүгінгі таңда Алматыда оқу-материалдық базаны нығайту үшін мемлекеттік қолдау шеңберінде 18 колледж қамтылған. Оларға жоғары



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

технологиялық инновациялық жабдықтар, техника мен компьютерлер сатып алынды. Мәселен, 2021-2022 жылдары осы жоба шеңберінде кадрлар даярлауға 11 405 орынға мемлекеттік тапсырыс берілсе, «Еңбек» бағдарламасы бойынша 2500 орын үшін 48 колледжде орналасты-

рылды. Осы ретте өткен жылы 11 219 орын бөлінгенін айта кеткен жөн. Колледждердегі оқыту тегін және таңдаған мамандыққа сай оқу 2-3 жылға созылады.

Жұмыс сапары барысында қала әкімінің орынбасары колледждердегі жобалау, құрастыру, жүйелерді іске қосу және қызмет көрсетуге дейінгі толық тізбекті іске асыру үшін интерактивті жабдықпен жабдықталған оқу-өндірістік шеберханалар, оқу сабақтары аудиторияларының жұмыс барысымен танысты. Қала әкімінің орынбасары осы күні Энергетика және электрондық технологиялар колледжіндегі жаңартылатын энергия көздері, электр жабдықтары саласындағы зертханаларды аралап, күн панельдерін құрастыру цехында болды. Сондай-ақ, білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қажетті жағдайлармен де танысты. Мәселен, колледжде жабдықталған спорт кешені, волейбол, баскетбол алаңдары, футбол алаңы, теннис залы, бокс залы, workout аймағы бар. Ержан Жалбақұлы оқу уақытының 40%-ына дейін оқушылар кәсіпорындарда өткізетін дуалды оқытудың жаңа зертханалары мен өндірістік сыныптарының базасында дамыту бойынша міндеттерді белгіледі. Осы мақсатта бизнес-қоғамдастықпен ынтымақтастық бойынша жұмысты күшейту, оның ішінде түлектерді одан әрі жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуді тапсырды. Колледждерді жаңғырту және республикалық және халықаралық деңгейлерде талап етілетін білікті мамандарды даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу, жекелеген мамандықтар бойынша құзыреттілік орталықтарын ұйымдастыру, сондай-ақ WorldSkills чемпионаттарына қатысушыларды дайындау бойынша бірқатар тапсырмалар берілді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда биыл
350 мыңға жуық
ағаш егу жоспарланған, оның
64 594-і
көктемде отырғызылды.



Мегаполисте «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында
1199 жоба
қаржыландырылды.



Жол қозғалысының автоматтандырылған жүйесіне жыл соңына дейін Алматының
357 бағдаршамын қосу
жоспарланып отыр.



Өткен тәулікте
1370 алматылық
вакцина
салдырды.



Алматыда жедел жәрдем бригадалары күніне орта есеппен
2500–2800
қоңырауға қызмет көрсетеді.

Газ уақытша
болмайды

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалы орташа қысымды Д-720 мм. жерасты газ құбырында апатқа қарсы профилактикалық жөндеу жұмыстары жүргізілгені туралы хабарлайды.

Бостандық ауданының тұтынушыларына газды үздіксіз беруді қамтамасыз ету мақсатында газ құбырының учаскесін ауыстыру қажет.

Осыған байланысты 18-19 қазан аралығында әл-Фараби даңғылы – Тоқжайлау – Қожақеев көшесі – Подгорный; «Мирас» шағынауданы, Лисянский көшесінен «Нұр Алатау» шағынауданында орналасқан тұрғын үйлер мен объектілерде газбен жабдықтау ажыратылады.

Қалыптасқан жағдайға түсіністікпен қарауды сұраймыз. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ АӨФ жөндеу-апаттық бригадалары тұтынушыларды газбен жабдықтау бойынша жұмыстың қалыпты режимін тез арада қалпына келтіру үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



МАҢЫЗДЫ ШАРАҒА ҮЛЕС ҚОСЫҢЫЗ!

Халық санағына қатысу – әркімнің азаматтық парызы!

Дәстүрлі санақ жүріп жатыр

Сонымен, онлайн-санақтан өтпегендер қазанның 30-ына дейін үйлерді аралайтын интервьюерлердің көмегімен шараға қатыса алады. Ал онлайн өтіп үлгергендер тиісті хабарламаны интервьюер-

лерге (санақшылар, сұхбатшылар) көрсетуі тиіс. Оларға сауалнама қайта жүргізілмейді.

Оқырмандарымызға ескерте кетейік, sanaq.gov.kz сайтында санақ туралы өзекті ақпараттар, сондай-ақ, үйлерді аралауға шыққан интервьюерлерді тексеру функциясы (арнайы куәліктегі тіркеу нөмірін «интервьюерді іздеу» жолағына енгізу арқылы) қолжетімді. 2021 жылғы халық санағының ұраны – «Қазақстанда әркім маңызды!».

Интервьюерді қалай тануға болады?

Халық санағы аясында сауалнама жүргізетін интервьюерлердің барлығы COVID-ке қарсы вакцина алған. Бұдан бөлек, олар жеке қорғаныш заттармен қамтылды, – деді Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов.

Интервьюер қызметіне бастамашыл, жауапты, коммуникабельді, компьютерде жұмыс жасай алатын 18 жастан асқан Қазақстан азаматтары тартылғанын жеткізді спикер. Сауалнама жүргізетін сұхбатшылар жұмыс барысында планшет қолданады. Интервьюердің міндетіне еліміздің қалалары мен ауылдарындағы үй шаруашылықтарын жаппай аралау кіреді. Үйлерді аралау кезеңінде сұхбатшыларда арнайы куәліктер мен Ұлттық санақтың логотипі бейнеленген көк түсті шарф пен сөмке болады.

Санақшыларда Халық санағының логотипі бедерленген көк түсті шарф пен сөмке, планшеті және санақ қызметкері екенін растайтын куәлігі болады. «Куәлікте аумақтық статистика департаменті басшысының қолымен және мөрімен расталған интервьюердің фотосуреті, толық аты-жөні болады. Куәліктің жоғарғы бөлігінде тіркеу нөмірі көрсетіледі. Бұл нөмірді sanaq.gov.kz сайтында «Интервьюерді іздеу» жолағына енгізуге болады, содан кейін сайтта интервьюердің деректері көрсетіледі. Сондай-ақ, интервьюердің жеке басын 1446 нөміріне қоңырау шалу арқылы да тексеруге болады», – деді Бюро басшысы. Байланыс орталығы тәулік бойы жұмыс істейді.

– Халық санағы еліміз үшін аса маңызды шара. Сондықтан оған бір кісідей баршамыз жұмылып атсалысуымыз қажет. Интервьюерлер де ел азаматтары екенін ұмытпайық. Еңбегін бағалап, құрмет көрсетіп, түсіністік танытуларыңызды сұраймыз, – деп атап өтті Нұрболат Айдапкелов. Айта кетейік, санақтың негізгі кезеңі аяқталған соң қарашаның 1–7 аралығында санақ өткізу әдістемесіне сәйкес бақылау аралау қарастырылған. Бұл кезеңде шамамен тұрғындардан 10 пайыз респондент қамтылады.

Халық санағынан өту –
әлеуметтік жауапкершілік!



САНАҚ ПАРАҚТАРЫ

МЕКЕНЖАЙ БӨЛІГІ ЖӘНЕ ТҰРАТЫНДАР ТІЗІМІ	ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАҚТЫ ТҰРАТЫНДАР ҮШІН	ҚАЗАҚСТАНДА УАҚЫТША ЖҮРГЕНДЕР ҮШІН
1-ПП НЫСАНЫ	2-Ж НЫСАНЫ	3-И НЫСАНЫ	4-В НЫСАНЫ
- Мекенжай бөлігі - Мекеме - Тұратындар тізімі	- Тұрғын үй типі - Ауданы - Аббатандыру түрлері - Бөлмелер саны	- Жынысы - Туған күні - Ұлты - Білімі - Некедегі жағдайы	- Жынысы - Азаматтығы - Тұрақты тұратын елі - Қазақстан Республикасына келу мақсаты

Демографиялық ахуал туралы жаңа деректер

Ұлттық статистика бюросы 2021 жылдың қаңтар–тамыз айлары аралығындағы Қазақстандағы демографиялық ахуал туралы жаңа деректерді жариялады.

2021 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 19 миллион 42,1 мың адамды құрады. Оның ішінде қала халқы – 11 миллион 287,4 мың (59,3 пайыз), ауыл халқы – 7 мил-

лион 754,7 мың адам (40,7 пайыз). 2020 жылдың 1 қыркүйегімен салыстырғанда халық саны 257,1 мың адамға немесе 1,4 пайызға өскен.

2021 жылғы қаңтар–тамызда халықтың табиғи өсімі 2020 жылғы қаңтар–тамызбен (162,5 мың адам) салыстырғанда 10,1 пайызға өсіп, 178,9 мың адам болды. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 14,14 пайыз.

#АҒАШТАРДЫАЯЛАЙЫҚ!



«Жасыл қала» науқаны басталды

Алматы қаласының Жасыл экономика басқармасы тұрғындарға тегін көшет таратуға арналған «Жасыл қала» науқанының басталғандығын хабарлайды. Көпқабатты үйлер аяласы мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға ниетті әрбір алматылық шаған, үйеңкі, шегіршін, терек, қараған мен қайыңның көшеттерін тегін ала алады.

Науқан қатысушылары отырғызылған ағаштарды алдағы екі жыл бойы күтіп-баптау туралы кепілді міндеттемеге қол қоятындығын ескерген жөн. Қатысу үшін zeleniy_dvor_almaty@mail.ru электронды поштасына келесі мәліметтерді жолдау қажет:

1. Қатысушының аты-жөні мен телефон нөмірі, ағаш отырғызылатын орынның нақты мекенжайы;
 2. Ағаш отырғызылатын орынның фотосы (мамандарға орынды толықтай бағалауға мүмкіндік болуы үшін панорамалық форматта болғаны жөн);
 3. Сұралып отырған көшет түрі мен саны.
- Өтініштер 18–31 қазан аралығында қабылданады. Көшеттер келесі мекенжайларда таратылады:
- Алатау ауданы әкімінің аппараты; Жанқожа батыр көшесі, 26;
 - Алмалы ауданы әкімінің аппараты; Абылай хан даңғылы, 74 А;
 - Әуезов ауданы әкімінің аппараты; Алтынсарин даңғылы, 23 А;
 - Бостандық ауданы әкімінің аппараты; Айманов көшесі, 191;
 - Медеу ауданы әкімінің аппараты; Пушкин көшесі, 72;
 - Наурызбай ауданы әкімінің аппараты; «Шұғыла» ықшамауданы, 347;
 - Жетісу ауданы әкімінің аппараты; Серіков көшесі, 2 А;
 - Түркісіб ауданы әкімінің аппараты; Шолохов көшесі, 9.

Ағаш отырғызу жұмыстарын 1–15 қараша аралығында жүргізіп, фото есеп жолдау қажет. Көрсетілген уақыттан кейін жолданған өтініштер қарастырылмайды.

Қосымша ақпарат алу үшін Жасыл қорды бақылау бөліміне келесі нөмірлер бойынша хабарласу керек:
272-54-89, 8 747 995 81 47.

Көшеттер отырғызылуда

Мегаполисте күзгі ағаш отырғызу жұмыстары басталды. Қаланың «Алматы-басжоспар» ҒЗИ» ЖШС әзірлеген Алматы қаласын 2030 жылға дейін көгалдандыру стратегиясына сәйкес барлық 8 аудан қамтылды.

Жалпы, биыл 350 мыңға жуық ағаш егу жоспарланған, оның 64 594-і көктемде отырғызылды. Қазір қалған 285 мың көшетті отырғызу қолға алынды. Қаланың жаңа аудандарына ерекше назар аударылмақшы. Соған орай, ағаштардың басым бөлігі Алатау, Наурызбай аудандарында отырғызылады. Бүгінгі күні Түркісіб ауданында 280 түп ағаш отырғызылды. Шығыс айналма жолы мен Қарағай тоғайында жұмыстар басталып, 8 мыңнан аса ағаш отырғызуға арналған шұңқыр қазылды.

Сонымен қатар, қалада кез келген алматылыққа ағаш отырғызуға мүмкіндік беретін «Жасыл қала» науқаны да басталуда.

Бетті дайындаған Әсел ДАҒЖАН.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



1989 ЖЫЛҒЫ 19 ҚАЗАНДА СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНДА СОҢҒЫ ЯДРОЛЫҚ ЖАРЫЛЫС ЖАСАЛДЫ

ЖОЙҚЫН ЖАРЫЛЫСТАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Қазақстандағы ядролық жарылыстардың жалпы қуаты 50 мегатоннадан асты

Бұл жарылыс егемендікке қол жеткізуге сәл-ақ қалған Қазақстан Тәуелсіздігінің символындай ел есінде қалды. Бұл атаулы күнді Халықаралық антиядролық қозғалыстың барлық ардагерлері мен белсенділері, Жер планетасындағы барлық озық ойлы адамдар кеңінен атап өтеді.

Атомның шығу тарихы

Әлемдегі ең алғашқы атом бомбасының «әкесі» американдық физик, профессор, жоба жетекшісі Джей Роберт Оппенгеймер екені көпшілікке мәлім. Ол өз жұмысында Кеңес ғалымдары Ю.Харитон мен Я.Зельдовичтің 1939 жылы ашқан уран бөлінуінің тізбекті реакциясы туралы есептеулерін пайдаланған болатын. Өкінішке қарай, ғалымдардың жаналығы бейбіт мақсатта қолданылмады. 1942 жылы 2 желтоқсанда Жер шарын Екінші дүниежүзілік соғыс оты шарпыған кезде адамзаттың одан әрі дамуында үлкен рөл атқарған оқиға болды, яғни алғаш рет АҚШ-та атом қолданысқа енді. Сонымен, алғашқы ядролық сынақ 1945 жылы 16 шілдеде Нью-Мексико штатында өткізілді. Бір айдан соң 6 және 9 тамызда Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалаларына американдық әуе күштері атом бомбасын тастады. Бұл жағдай жапон халқына зор қайғы әкелді. Осыдан кейін Оппенгеймер буддизм дінін қабылдап, өмірінің соңына дейін миллиондаған адамдардың өлімі үшін өзін кінәлап, жауапкершілікті сезінгендіктен қатты күйзелді.

Жауға қарсы пайдалануға бағытталған АҚШ-тың әскери әрекеттері Кеңес ғалымдарының жұмысын жандандырды. Иосиф Сталиннің өзі өзінің ядролық арсеналын құру міндетін жүктеті, ал Лаврентий Берия осы бағыттағы атқарылатын жұмыстарды қадағалады. Жобамен Н.Семенов, Ю.Харитон, Я.Зелдович, И.Курчатов, А.Сахаров, И.Гуревич және басқа да көптеген көрнекті ғалымдар жұмыс істеді.

1946 жылы 14 қарашада Сталин КСРО Министрлер Кеңесінің арнайы сынақ полигонын салу туралы Қаулысына қол қойды. 1947 жылы КСРО үкіметі ел үшін атом бомбасының құпиясы жоқ деп мәлімдеді. Сынақтар үшін Қазақстан таңдалды. Республика аумағында КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің 1947 жылғы 21 тамыздағы шешімі бойынша алдымен тау сейсмикалық станциясы (905 объект) ретінде Семей ядролық сынақ полигоны (СЯСП) құрылды, кейіннен ол КСРО Қарулы Күштері министрлігінің оқу полигоны, кейіннен №2 мемлекеттік орталық ғылыми-зерттеу сынақ полигоны болып өзгертілді. 1948 жылдың басында КСРО Министрлер Кеңесі И.Курчатов, Ю.Харитон және П.Зерновқа 1949 жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей атом бомбаларының бірінші даналарын жасап, мемлекеттік сынақтарға беруді міндеттеді.

1948 жылдың 1 маусымында Қазақстанға құрылыс әскери бөлімдері келе бастады. Осы сәттен бастап қатаң құпия жағдайында Семей маңында әскери және ғалымдарға қызмет көрсететін қызметкерлерге арналған тұрғын қалашықтың құрылысы басталды. Жедел қарқынмен зертханалық-эксперименттік корпус, тәжірибелік алаңдар мен бункерлер салынды. Полигон «шаруашылығының» жалпы алаңы 18 500 шақырым, периметрі 600 шақырымға жуық болды. Құрылысына 15 мыңнан астам әскери қызметші қатысқан полигондағы жұмыстар 1949 жылғы шілдеде мерзімінен бұрын аяқталды. Сынақтарды бастау үшін мұнда барлық қажетті заттар күшейтілген күзетпен жеткізілді.

«Алғашқы найзағай»

Алғашқы атом сынағы үшін әскери құрылысшылар 300 шаршы метрді құрайтын «тәжірибе алаңын» дайындады. Алаңның ортасындағы биіктігі 30 метрлік металл мұнараның басына 20 килотоннадан асатын ядролық заряд орнатылды. Айналасында темірбетон бекіністер, брондалған мұнаралар мен доттар салынды. Тәжірибе жүргізу үшін жануарлар, қойлар, шошқалар, иттер, егеуқұйрықтар полигон аумағына әкелінді. Біраз уақыттан кейін бүтіндей бір қалашық пайда болды, өнеркәсіптік кәсіпорындар, үш қабатты тұрғын үйлер, МЕТРО бөлімі, теміржол және автомобиль көпірлері салынды, онда жанармай құйылған цистерналар тұрды. Далаға әскери формадағы тұлыптар, азық-түлік салынған жәшіктер қойылды. Мұның бәрі жарылыстың қаншалықты жойқын болатынын білу үшін жасалған болатын.

Атом бомбасын құрастыру И.Курчатов пен А.Завенягиннің бақылауымен жүргізілді. Полигондағы жұмыстың қалай атқарылып жатқанын қадағалау үшін Берияның өзі келетін болған соң ғалымдар қатты қобалжыды. Өйткені, Берия Кремльге есеп беретін. Ол сынақ жүргізілер алдында екі тізім дайындады. Егер бомба сәтті жұмыс істесе, ғалымдар мен сынақты өткізушілер марапатталады, ал эксперимент сәтсіз аяқталған жағдайда оларды ату жазасына ұсынуға шешім қабылданған болатын.

1949 жылдың 29 тамызында күн ашық, аспан бұлтсыз болатын. Жергілікті уақыт бойынша 6 сағат 20 минутта командалық пунктте ғалымдар тәжірибелік үлгіні сынау мүмкіндігі туралы актіге қол қойды. Таңертеңгі сағат 7.00-де күшті жарылыс болды. Бұл шын мәнінде жойқын жарылыс еді. Эпицентрден бес шақырым радиустағы барлық өндірістік нысандар, тұрғын үйлер мен әскери техника жойылды. Айналадағы жердің бәрі қап-қара болып күйіп кетті.

«Алғашқы найзағай» операциясы аясында кеңестік атом бомбасының бірінші сынағы сәтті өтті және АҚШ монопо-



лиясын күйретті. Сталиннің нұсқауы бойынша Курчатов, Харитон, Шелкино, Алферов, Флеров және басқа ғалымдарға Социалистік Еңбек Ері және Сталин сыйлығының лауреаты атағы берілді. Оларға «Победа» автокөлігімен, Мәскеу облысындағы жиналған саяжай, бүкіл ел бойынша тегін жол жүруге рұқсат берілді, ал олардың балалары кез келген ЖОО-ға емтихансыз түсу құқығын алды.

Ғылымның қауіпті «жетістігі»

Содан кейін полигонда сериялық атомдық зарядтардың жарылыстары жүргізілді. 1953 жылғы 12 тамызда полигонда қуаты 400 килотонна болатын РДС 6 термоядролық заряды сыналды. Әуедегі жарылыс төмендеу болғандықтан, бомба отыз метрлік мұнараға орналастырылды. Осы сынақ нәтижесінде полигонның бір бөлігіне радиоактивті өнімдер жайылды.

Ал 1955 жылғы 22 қарашада Семей полигонындағы кезекті жарылыстан кейін бүкіл әлем академик А.Сахаров жасаған аса қуатты (тротил эквивалентінде – үш млн. тонна тротил) кеңестік сутегі бомбасы туралы білді. Бұл бомба ресми түрде РДС 37 деп аталған. Осы термоядролық құрылғы шамамен екі шақырым биіктікте ұшақтан лақтырылды. Осыдан кейін бірден полигонға және оған іргелес ауылдарға радиоактивті жауын-шашын түсті. Н.Андреевтің «Сахаров өмірі» атты кітабында ұлы физик-ғалым өз іс-әрекетінің нәтижелерін көріп, өзінің соңы өлімге әкелетін қорқынышты дүние жасағанын түсінетіні жайлы жазылған. Ғалымның «керемет» жаңалығы адамзатқа қуаныш емес, қайғы әкелді. «Жаратқан ием, біз не істедік!» деген өкініш оның өзегін өртеді.

СЯСП-да ядролық қаруды сынауды екі кезеңге бөлуге болады: біріншісі – 1949–1962 жылдары атмосферада ядролық жарылыстар жүргізу, екіншісі – 1961–1989 жылдары жерасты ядролық жарылыстарын жүзеге асыру.

1961 жылы 11 қазанда полигонда КСРО-дағы алғашқы жерасты ядролық жарылыс жасалды. 1949–1989 жылдар аралығында СЯСП-да барлығы 468 ядролық сынақ жүргізілді, онда 616 ядролық және термоядролық құрылғылар жарылды, оның ішінде: 125 атмосфералық (26 жерүсті, 91 әуе, 8 биіктік) және 343 жер астындағы ядролық сынақ жарылыстары (215 штольняда және 128 ұңғымада). Ядролық сынақтардан басқа мұнда химиялық заттарды қолданумен 175 жарылыс, оның ішінде 10 тоннадан астам зарядпен 44 жарылыс жасалды. Сондай-ақ, ондаған гидродролық және гидродинамикалық сынақтар жүргізілді («NTR» – толық емес тізбекті реакциялар).

Барлық кеңестік сынақтардың үштен екісі, яғни 468 ядро-

лық жарылыс дәл Семей полигонында өткізілді. Мұнда ядролық қаруды жер үстінде және әуеде жару сынақтары 1963 жылға дейін жүргізілді, сол кезде КСРО, АҚШ және Ұлыбритания 1963 жылы 10 қазанда атмосферада, ғарыш кеңістігінде және су астында сынақтарға тыйым салу туралы келісімге қол қойды. Бірақ Кеңес Одағы шартқа қол қойылғанға дейін жерасты ядролық жарылыстарын жүргізе бастады.

Қазақстан аумағында жүргізілген барлық ядролық жарылыстардың жалпы қуаты 50 мегатоннадан асты. Радиоактивті жауын-шашын 304 мың шаршы шақырым аумақта таралды, онда 1,7 миллионнан астам адам өмір сүрді. Семей облысы және оған іргелес өңірлер экологиялық апат аймағына айналды.

Бір штольняда бұзылған зарядтардың ең көп саны беске тең болды. Сонымен қатар, КСРО-да зарядтардың өздерін сынаудан басқа, жарылыстардың топырақ массивтері мен жерасты қазбаларына әсерін зерттеу жүргізілді.

СИЯП-тағы соңғы жарылыс 1989 жылы 19 қазанда жасалды. Ол кезде полигон бұрыннан ғылыми-сынақ кешеніне айналды, оның орталығы Қуатты зертханалық-эксперименттік базасы бар Курчатов қаласы болды.

«Невада–Семей»

КСРО әскери мақсаттағы жерасты жарылыстарының 90%-ын СИЯП-та өндірді. Семей полигонында атом және сутегі қаруының алғашқы үлгілері сыналды, әлемде бірінші ядролық заряды бар баллистикалық зымыран ұшырылды. Мұнда ядролық жарылыстың зақымдаушы факторларының әсеріне беріктікке зымыран техникасының үлгілері мен шахталық ұшыру қондырғылары сыналды.

Республика тұрғындары ядролық сынақтардың салдарынан радиациялық сәуеленуге ұшыраған өңірлерде сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің өсуіне байланысты бірнеше рет дабыл қаққан болатын. Алайда, бұл фактілерге КСРО басшылығы үнсіз қалды, айтылған мәселелерге қатысты нақты шаралар қабылданбады. Бүкіл елдің басына қауіп-қатер төнді. Ядролық жарылыстардың салдары туралы ақпарат құпия папкаларда сақталды. Халық наразылығының соңғы тамшысы, төзімінің шегі 1989 жылы 12 және 17 ақпанда жүргізілген сынақтар болды. Ол кезде радиацияның көрсеткіші сұмдық деңгейге жеткен. Бұл туралы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутатына ақпарат берілді, белгілі ақын Олжас Сүлейменов біліп, ол 25 ақпанда теледидардан сөз сөйлеп, өзінің сайлауалды бағдарламасының орнына СИЯП айналасындағы қорқынышты жағдай туралы баяндады. Ақын өзінің жерлерінен 28 ақпанда Алматыда өтетін митингке келуге шақырды. БҰҰ-ға дейінгі барлық мүдделі инстанцияларға Үндеу жіберіп, полигонның зардабы жайлы айтып жүрген мыңдаған адамдар алаңға жиналды. Үндеуге миллиондаған қазақстандық қол қойды, оларға шетелдік азаматтар да қолдау білдірді. Ядролық қаруды сынауды тоқтатуға да, басты ядролық полигонды жабуға да мұрындық болған халықаралық антиядролық «Невада–Семей» қозғалысы осылай пайда болды.

Семей полигоны Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1991 жылғы 29 тамыздағы Жарлығымен жабылды. 1992 жылы Қазақстан Тәуелсіз мемлекет ретінде СНВ 1 шартына, Лиссабон хаттамасына қол қойды, онда ядролық қаруды таратпау жөніндегі өз міндеттемелерін тіркеді. КСРО-дан қуатты арсенал алған Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан елдердің біріне айналды (Украина мен Белоруссиямен бірге). Біздің республика осы батыл және игілікті істе бірінші болып тарихта қалды.

Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ,
«Невада–Семей» ХАҚ вице-президенті.
Аударған А.СЕНБАЕВА.



#ЕКПЕАЛ



Айнұр
НҮРСАБЕТ

Алматы қаласында өткен тәулікте 1370 адам коронавирусқа қарсы вакцина салдырды. Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәлімдеуінше, Алматы екпе салдырғандар саны бойынша алда келеді.

АЛМАТЫ АЛДА КЕЛЕДІ



«17 қазан күні 1370 алматылық вакцина салдырды. Коронавирусқа қарсы екпенің I компонентін 572, II компонентін 798 адам алды. Биылғы жылдың I ақпаны мен 17 қазан аралығында қалада 978 172 тұрғын вакцинаның бірінші компонентін, 911 923 адам екінші компонентін салдырған. Олардың ішінде 119 755 адамның жасы 60-тан асқан», – деп хабарлады басқармадан. Бүгінде қалада

160 пункт жұмыс істеп тұр. 1028 адамнан тұратын 237 егу бригадасы бар. «Қазір медицина ұйымдарында, мектептерде, мәдениет, спорт нысандарында, базарлар мен қаланың СОО-ларында вакциналау пункті жұмыс істейді», – деп нақтылады Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

Бүгінде мегаполисте корона-вирус жұқтырған 1368 науқас ем қабылдап жатыр, оның 28-і бала. Бір тәулікте 318 адам ковид жұқтырған. Мұның ішінде симптомды, жеңіл және орташа деңгейдегі белгілермен – 286, симптомсыз 32 науқас тіркелген. Барлық емделіп шыққандар – 16, келіп түскені – 67.

Сондай-ақ, реанимация және қарқынды терапия бөлімінде 122 адам жатыр. Ал 21 науқас жасанды тыныс алу аппаратына қосылған. Инвазивті емес жасанды тыныс алу аппаратында 66 адам ем қабылдауды жалғастыруда. High flow-да 26 аппарат жұмыс істейді.

Тақырыпқа орай айта кетсек, Алматыда жедел жәрдем бригадалары күніне орта есеппен 2500-2800 қонырауға қызмет көрсетеді. Бұл туралы да қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы мәлім етті. «Жедел жәрдем жұмысында сұраныстың азайғаны байқалады. Шақырту едәуір азайды. Қазір бір бригада күніне 12 шақыртуға шығады. Жалпы жедел жәрдем тәулігіне 2500–2800 қонырауға қызмет көрсетеді. Қалада 200 бригада бар», – деп хабарлады басқарма өкілдері. Жедел жәрдем қызметінде тәжірибелі дәрігерлер қызмет етеді. Жүргізушілер құрамы толық.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

ВАКЦИНА ӨЛІМ-ЖІТІМДІ 11 ЕСЕ АЗАЙТАДЫ

ҚАЗАҚСТАН делегациясы Кабул қаласына жұмыс сапарымен барды. Сапар аясында еліміздің ауған халқына көрсетіп жатқан гуманитарлық көмегі мен сауда-экономикалық байланыстарды қалпына келтіру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Өкімімен Ауғанстанға гуманитарлық көмек ретінде 5 мың тонна ұн жеткізілгенін атап өтті. Сондай-ақ, Қазақстанның ауған тарапына отандық QazVac вакцинасын беру туралы ұсынысын жеткізді. Ауған тарапы бұл ұсынысты да зор ықыласпен қабылдады.

РЕСЕЙ жерінде бір тәулікте 34 мың 300-ден астам адам коронавирус жұқтырған. Бұл өткен аймен салыстырғанда, 70%-ға көп, рекордтық көрсеткіш деп алаңдап отыр жергілікті мамандар.

Вирус Мәскеу, Санкт-Петербург пен Мәскеу облысында ушығып тұрған көрінеді. Жергілікті билік карантиндік талаптарды күшейте бастады.

АҚШ елінің Аурудың таралуын бақылау және алдын алу орталығының ғалымдары арнайы зерттеу жүргізіп, вакцина коронавирустан көз жұму қаупін 11 есе азайтады деген түйін жасады. Сондай-ақ, екпе салдырмаған адамдардың ковидқа 6 есе жиі шалдығатыны анықталған.



Дегенмен, сарапшылар вакцина коронавирустан 100% қорғамайтынын, бірақ жұқтыру деңгейін төмендетіп, ауырған жағдайда жазылу процесін жеделдететінін айтып отыр.

Айтпақшы, АҚШ-та вакциналаудан өтпеген әскери қызметшілер жұмыстан шығарылады.

ИТАЛИЯ елінде COVID сертификаты жоқ тұрғындар жұмысына кіре алмайды. Бұл сертификатты егілген, ауырып жазылған немесе теріс нәтижесі бар ПТР-тест ұсынған адамдар ала алады. Вакцина алмағандар тестті өз қаражатына жасатады.

Осы талап арқылы халықтың 90%-ының вакциналануына қол

жеткізуді көздеп отыр. Оның ішінде 12 жастан асқан балалар да бар. Елде вакцина салдыру тегін. Сондықтан екпе аламын деушілерге ешқандай кедергі жоқ.

ФИЛИППИН 12–17 жас аралығындағы балаларға вакцина сала бастады. Әсіресе, тыныс алу және өзге де ауруы бар жеткіншектерді егуге басымдық беріліп отыр.

Өйткені, алдымен осы балаларды жұқпалы дерттен қорғау маңыздырақ көрінеді. 109 млн.-нан астам тұрғыны бар Филиппинде 21 млн.-нан аса адам толық екпе алған.

Әзірлеген
Н.ӘЛІШЕВА.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

ОСТЕОХОНДРОЗ жас талғамайды



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бүгінде әлем халықтарының арасында кең тараған аурулардың бірі – омыртқаның қисаюы. Бала кезімізде ата-анамыздың «бүкірейме», «дененді тік ұста» деген ескертпесі дене бітімге байланысты екендігін о кездерде біле қоймадық. Кейіннен денсаулығымыз сыр бере бастағанда, омыртқаның қадіріне жетеміз.

Негізінен, омыртқаның қисаюы бала күннен пайда болады. Сондықтан ауруға шалдыққандардың 70–80%-ы оның нақты қашан және неден туындағанын білмейді, яғни себебі белгісіз, оны идиопатиялық деп атайды. Мамандардың пікірінше, сколиоз ер балаларға қарағанда, қыздарда 4–7 есе жиі кездеседі екен. Омыртқаның қисаюын дер кезінде анықтау қиын. Себебі, омыртқа бастапқыда ауырмайды, тек баланың тез өсетін шағында, яғни жауырыны немесе қабырғасы қисая бастағанда ғана білінеді екен. 20% сколиоз туабітті омыртқалардың өзгеруі салдарынан болады. Омыртқа ауруларының кең таралған түріне – остеохондрозды жатқызуға болады. Оның халық арасында танымалдылығы соншалық, кейде желке тартып, балтыр сыздаса да оны остеохондрозға жатқызамыз. «Түз жиналды» деп ауруды елемейміз. Дегенмен, остеохондрозға немқұрайлы қарауға болмайды дейді ақ халаттылар. Себебі, бұл ауру кимыл-қозға-



лысты қиындатады, адам еркін жүріп-тұра алмайды. Ол асқынып кетсе, аяқ-қолдан жан кетеді. Еңбекке қабілеттілігіңіз төмендегені былай тұрсын, төсек тартып жатып қалуыңыз әбден мүмкін.

Сондықтан да ол қауіпті аурулардың бірі болып саналады. Остеохондроз – бұл омыртқа дискілерінің қоректенуі төмендеп, қан айналымының өзгеруінен пайда болатын ауру. Яғни омыртқаралық шеміршек шеңберлерінің (диск) созылғыштығы әлсіреп сызаттар түседі, бертін келе сүйектік ұлпаға айналады. «Остеохондроз бұрынырақта егде жастағылардың ауруы болатын. Қазір жас талғамайды. Тіпті, емшектегі баладан, 15–20 жастағы жасөспірімдерден де кездеседі. Дейтұрғанмен, науқастардың басым көпшілігі 30–50 жас шамасында. Көбіне, ер адамдарда, әсіресе, ауыр дене еңбегін атқаратын кәсіпкерде, вибрациялы, суық орындарда жұмыс жасайтындарға үйір», – дейді дәрігер Гүлнұр Рахымбайқызы.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлем халқының 50–85%-ы остеохондрозбен ауыратынын айтады. Ал неміс зерттеушілері бұл ауру әр 10 адамның 8-інде кездесетінін алға тартады.

КЕРЕК ДЕРЕК

• *Жастық аласа, төсек қатты болуы керек. Әйтпесе ұйқы азға оңайға түспейді, мүшелерде тоқырау құбылыстары дамиды.*

• *Үстелдің, партаның биіктігі, жарықтануы бой мен дененің құрылысымен сәйкес келуі керек.*

• *Ауыр зат көтермей, омыртқа жотасын тік ұстауға ұмтылған жөн.*

БІЛГЕНІҢІЗ ЖӨН...

АТЫ ЖОҚ САУСАҚ



Байқасаңыз, анализ тапсыруға барғанда қанды аты жоқ саусақтан алып жатады. Ағзамыздағы қан бірдей ғой. Ал неге тек сол саусақтан?

Мұның өзіндік себебі бар екен. Иә, саусақтың ұшы қан алуға ең қолайлы жер. Оның түгі жоқ болғандықтан, қан көп шоғырланады. Өзге саусақтармен салыстырғанда аты жоқ саусақ аз қозғалатындықтан, ондағы жара тез жазылады. Көп жұмыс істемейтіндіктен оның терісі жұқа келеді. Сондықтан қан алу кезінде қатты ауырсынбайды.

Қан тобы

Жапондар қанның тобы адамның мінезіне қатты әсер етеді деп санайды. Қаны I топқа жататындар көбіне тәуекелге бел буады, шешімді оңай әрі тез қабылдайды. II топқа жататындар мінез жағынан тұйық болса, III топ иелері ақылды болады, тазалықты сүйеді дейді. Ал IV топтың адамдарын салмақты деп санайды. Жапонияда бұған қатты мән беретіні соншалықты, қан тобыңыз сәйкес келмесе жұмысқа алмауы да мүмкін.

IV қан тобы әлемде сирек кездеседі, тек 7%-ға жуық тұрғын-

ның қаны осы топқа жататыны анықталған.

Зерттеушілер некенің баянды болуы қан тобына да байланысты екенін анықтаған. II мен IV, I мен II қан тобындағылар қосылса, ауызбіршілігі мықты болатын көрінеді.

Масалар таңдап шағады

Адамның денесіндегі қанның мөлшері 5-6 литр аралығына сәйкес келеді. Күн сайын қанның осыншалықты мөлшері сіздің жүрегіңіз арқылы 1000 рет өтеді.



Адам 40% қанын жоғалтса да, тез арада қайта қан құйса, аман қалу мүмкіндігі бар.

Құлағымызға ұлудың қабыршағын тақағанда ешқандай теңіздің даусын емес, өз бойымызда ағып жатқан қанның даусын естиді екенбіз. Антарктидадағы мұзды балықтардың қаны ақ түсті болады. Өйткені, оның құрамында гемоглобин болмайды. Суыққа төзімді келетіні де сондықтан екен. Масалар адамды қан тобына қарай таңдап шағады, оларға I топты қан иелері көбірек ұнайды деседі.

Ежелгі Египетте перғауындар түрі қанға ұқсайды деп шарапты мүлдем ішпеген.

Нұр ЖАМАЛ.



ЕСТЕН КЕТПЕС КЕЗДЕСУ

...1966 жылғы мамыр айы. Күләш аудан орталығы Ақкөлде өндірістік тәжірибеде жүрген. Бір мекеменің бас бухгалтері болып істейтін Рая деген құдашасының үйінде еді. Анда-санда аудандық, облыстық басылымдарға мақала, өлең беріп жүргені болмаса, қаламгерлер ортасынан ауылы атыс Күләшке аяқасты хабар келді. Алматыда өтетін Жазушылар одағының VI съезіне осы аймақтағы жас жазушылардың атынан қатыстырылады екен. Күләштің қуанышы қойнына сыймады.

Үстіне бар тапқанын киініп, Күләш делегацияға қосылған. Алматыға келген соң ұйымдастырушылар «Алатау» қонақүйіне түсірді.

Бұл – Күләштің Алматыны алғаш рет көруі. Қала керемет сұлу екен. Бұталары жасыл жапырақтар жамылған ағаштар қаланы одан сайын көріктендіре түседі.

Қонақүй бөлмесіне сөмкелерін қойып, орналасқан соң Күләш сыртқа шығып, қала келбетін тамашалап тұрған. Съезге келген жерлес ақын Рафаэль Ниязбеков жанына таяды. Екеуі әңгімелесіп тұр еді, анадайдан дабырлай сөйлеп келе жатқан кісілерді көзі шалды.

– Мұқағали келе жатыр, – деді Рафаэль.

Сөйтті де, тағы бір жазушыларды көрді ме, асығыс басып кете берді.

Мұқағалидың атын естігенде, Күләш жалт бұрылды. Бейне тау көшіп келе жатқандай... Бұрын-соңды Күләш өзі өлеңін жаттап жүретін Мұқағали Мақатаевты көрген емес. Тіпті, бүгін көрем деп ойлаған да емес.

Ақын қонақүйдің есігіне қарай басып келеді екен. Жанында бір жігіт бар, иығына фотоаппарат асынып алыпты.

Аң-таң болып қарап тұрған Күләшті көрді де, басқышпен көтеріле бере, кілт тұра қалды:

– Сен маған шарфыңды бер, шарфыңды бер,

Қырдың желі мойнымды шарпып жүрер...

Осылай Мұқағали қолын сермеп тұрып, өлең жолдарын оқыды.

Күләш та қарап қалған жоқ:

– Алатаудың арда өскен тентегі ме ең,

Қайырымды құрбының нарқын білер? – деп жалғады.

Қуанса балаша маз болып қуанатын, күлкісімен дүниені толтыратын ақын бұны естігенде рахаттана күліп алды. Расында, күлкісі сәбидің күлкісіндей пәк. Риясыз көңілдің белгісі сияқты.

– Өй, батыр бала, батыр бала, – деп сүйсіне қараған Мұқағали кідірмеді. Жанында еріп жүрген фотограф жігітке бұрылды да:

– Тарт бізді! – деді.

Күләш түсіне қойды, «суретке түсір» дегені екен. Сірә, жетісулықтар осылай сөйлейтін болса керек.

Осы сәт ақын баспалдақпен бір саты төмен түсті де, тағы өлең оқыды:

– Мен аласамын,

аласа болсам да жарасамын.

Өмір сахнасына алған заңды билетім бар,

Заңды орным таласамын...

Күләшқа бұл да таныс. «Отыз бесінші көктемім» деген атакты өлеңі.


Екеуі суретке түскен соң Мұқағали ақын Күләштан сұрады:

– Съезге келдің бе?

– Иә...

«ШӘЙІ БҰЛТТАРДАН ШӘЛІ БАЙЛАҒАН АЛМАТЫ»

Күләш Ахметованың Мұқағалимен кездесуі



Ақын ойланып қалды:

– Өлең жазасың ба?

– Иә, ептеп жазамын.

Байқайды, Мұқағалидың жүзін мұң көлегейлеп өтті. Сірә, қыздың өлең жазатынына өкінген, ақындық жолын таңдағаны үшін жаны ашыған сияқты...

Ақын «Жұлдыз» журналында жұмыс істейді екен. «Өлеңдеріңді тастап кет» деді де, бұрылып жүре берді...

ҰЗАТЫЛУ

...Қайырбектің туыстарының шақыруымен күнбе-күн қонақта болып, елде бір апта жатқан соң студент-жастар Алматыға қайтуға жиналды.

...Қызылорданың әуежайына жеткендері сол, әлдекімнің гүрілдеген дауыспен өлең оқып тұрғанын естіді. Қарап еді, поэзия әлемінің ақтангері Мұқағали ақын екен.

– Сыбызғыдай сызылтып азалы үнін,

Өкпек желі соққанда Қазалының,

Тосырқама, енде кет бір үйіне

Қазалының кез келген қазағының...

Жан баласын жатырмайтын ақынның өлеңдерін бір топ кісі ауыздарын ашып тындап тұр. Күләш пен Қайырбекті жас ақындар ретінде біраздан бері танитын Мұқағали қуанып кеп кең құшағына алды. Өзі Қазалыдан қайтып келе жатыр екен.

Ұшаққа отырған соң өлең оқу тоқталып, әңгіме басталды. Күләш пен Қайырбектің отау тіккенін естіген ақын айрықша тебіреніп, тілектестігін білдірді. Сөйтіп, біраз үнсіз отырды да:

– Қайырбек! – деді ақын. Күләш қарап еді, тура баяғыдай ақынның жүзін мұң көлегейлеп, әлденеге жаны ауырып тұрғандай екен. Сонда да ол сөзін жалғап отыр. Қаба-

ғы түйінкі: – Сен, қарағым, көп қыздың бірін алып отырған жоқсың. Күләш – ақын. Жанып тұрған ақын. Ендеше, жыр тағдыры, өлең тағдыры саған аманат!..

Мына сөзді естігенде, Күләш жылап жіберуге шақ қалды.

Алматыға жеткен соң Мұқағали ақын Қайырбекті өзімен бірге үйіне ертіп кеткен. Күләш жатақханаға түнемеке Ізімкүл мен Несіпкүлге еріп студенттер қалашығын бетке алды...

1976 жылдың 27 наурызы.

Қазақ елі қайғылы хабардан қара жамылды. Суық қайғы. Мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев ұзақ сырқатынан кейін дүниеден озыпты.

«Ақын өтті дүниеден. Көктемде кетті. Ақынның өмірді қимауы сияқты күн райы да жазылмай, қатты суып тұр еді. Енді бүгін ақша қар да ағыл-тегіл еріп, жер беті біз секілді ағыл-тегіл жылап жатыр.

Жыла, жер! Жыла, жаңбыр! Жыла, көктем! Ақиық ақын дүниеден өткен күні...».

Күләш күнделігіне осылай жазып қойды.

Көз жасымен жазды...

Ертеңінде де қайғырған көңілден оқтын-оқтын жыр жолдары, қара сөз төгіле түсті.

«Әркімнің өз Пушкині бар. Менің Пушкинім бүгін өлді...».

Қырық бес жасында осынша даңққа бөленген ақынға қазақ әдебиеті, қалың қауым, қатал биліктің назар аудармағанына, дер кезінде лайықты бағасын бермегеніне, оны сақтай алмағанына өкінді.

Жазушылар одағы үйінің екінші қабатында өткен ақынды жерлеу рәсіміне кісі көп жиналды. Азалы залдағы үнсіздікті Моцарттың жан ұшырған реквиемі теңселтіп тұрғандай.

Қазақ поэзиясының қабырғасын қайыстырып кеткен ақиық ақынын туған халқы күніреніп шығарып салды.

Бұл – 28 наурыз болатын.

Мұқағали көз жұмғаннан кейін арада бірнеше күн өткенде Күләш түс көрді.

Жазира дала екен дейді. Алдында бесік тұр. Қызылды-жасыл сырланған, қазаки ою-өрнегі бар, әшекейлі бесік. Күләш сүйсініп, көз ала алмайды. Сәл еңкейіп, ішіне қарайды. Сол сәт құлағына Мұқағали ақынның даусы келеді: «Енді оны сен тербет!» дейді әлдеқайдан зор үнмен...

Таңертең үлкен әсермен оянған Күләш ойланып отырды.

«Ол бесікті тербете алар ма екенмін?...».

Осыдан кейін ол көрген жерде аяп та, аялап та қарайтын ақын ағасының аманатына адал болуға, Алла берген өнерді өмір бойы қастерлеп өтуге шын бекінді.

Нәзира БАЙЫРБЕК.

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

ТАРТЫМДЫ ТУРНИР



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Шахмат – ми мен рух үшін керемет жаттықтыру құралы, сондай-ақ, өзін-өзі дамыту, қарым-қатынас мүмкіндігі. «Қарттар айлығы» аясында Бостандық ауданындағы «Сағат» шахмат клубында аудан ардагерлері арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында шахматтан турнир ұйымдастырылды.



Келесі күні аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен аға буын жас буынмен «Асық ату» ойынында жарысты. Қариялар шара барысында жеткіншектерге асық ату ұлттық ойынының тарихы, тәрбиелік мәні мен тигізер пайдасы туралы әңгімелеп берді. Екі жыл бұрын асық ату ойыны ЮНЕСКО-ның адамзаттың

материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгенін де тілге тиек етті.

Екі жарыстың қорытындысында да жеңімпаздар естелік сыйлықтармен марапатталды. Ең бастысы, салауатты өмір салтын ұстанған ардагерлер балаларға тағылымды әңгімелер айтты.



КЕРЕК ДЕРЕК

ДЕМАЛЫСЫ КӨП ЖЫЛ



Әсел
ДАҒЖАН

2022 жылы қазақстандықтарда 245 күн жұмыс күні болса, 120 күн демалысқа келіп тұр. Көптеген мерекелік демалыс 3-4 күнге созылады.

Күнітбе бес күндік жұмыс немесе оқу аптасы бойынша жасалған.

Келесі жылы болатын ең ұзақ демалыстар: қаңтарда – Жаңа жылда 4 күн; наурызда – Халықаралық әйелдер күнінде 3 күн және Наурыз мейрамында 5 күн; мамырда – Отан қорғаушылар күні мен Женіс күніне орай 4 күн; желтоқсанда – Тәуелсіздік күніне орай қазақстандықтар қатарынан 4 күн демалады. 7 қаңтардағы Рождество мейрамы жұмаға түсіп тұрғандықтан қазақстандықтар 3 күн демалады. Ал Құрбан айт сенбі, 9 шілдеге түсіп тұр. Заң бойынша діни мейрамдар демалыс күнге түскен жағдайда демалыс күні ауыстырылмайды.

БІРЕГЕЙ ЖОБА

АБАЙ ҮЙІ –
БІШКЕКТЕӘсел
ДАҒЖАН

Қырғызстан астанасы Бішкекте Қазақстанның мәдениет күндері аясында Абай үйі ашылды.



Мәдени мұрамызды танытумен алыс-жақын шет елдердегі қазақ диаспоралары және отандастармен мәдени-гуманитарлық және іскерлік байланысты нығайтуға бағытталған Abai Uii қазақ мәдени-іскерлік үйлерінің желісін құру «Nur Otan» партиясы сайлауалды бағдарламасының бірегей жобасы.

«Бұл жоба екі мемлекеттің шығармашылық, мәдени-ағарту, ғылыми, кәсіби және спорт ұйымдары арасында байланыс орнатуға, ынтымақтастықты кеңейтуге жол ашады. Шет елдегі отандастардың ұлттық-мәдени және зияткерлік әлеуетін дамытуға, оның ішінде қазақ тілін оқып-үйренуіне қолдау көрсетпек», – деп жазды Мақпал Мыса.

Мәдениет және спорт министрлігі мен «Отандастар» қоры алдағы уақытта Германия мен Ресей мемлекеттерінде Абай үйін ашуды жоспарлап отыр.

ТЕАТР

Кезекті демалыс пен гастрольдік сапарлардан кейін Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театры 96-маусымының шымылдығын түрді.

«Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы сөнеді», – дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Индетке байланысты шектеулер болды. Бірақ адамның қарны тоқ болғанымен, рухы қашан да аш болуы керек. Осы аштықтан сақтасын деп отырғанда, ауыр кезеңнің қиындығы сейілген сияқты. Сондықтан мына сахна өз көрермендерін қатты сағынды. Театрдың өмірі – сіздердің қолдарыңызда, көңілдеріңізде, көшеметтеріңізде, ағайын!», – деп бастады сөзін театр директоры Е.Жуасбек. Өнер ордасының кезекті ашылуына орай өткен іс-шарада ол көрермендерді жаңа маусымның ашылуымен құттықтап, алдағы жоспарларымен бөлісті. Салтанатты жиынға театр әртістері мен режиссерлері қатысты.

Маусымашарда көрермендер назарына театрдың тарихынан сыр шертетін «Сахна сәттері» көрмесі ұсынылды. Ол жерде соңғы 40 жыл ішінде

ЖАҢА
МАУСЫМҒА –
ЖАҢА
ТЫНЫСПЕН

тарих сахнасындағы сәттерді бейнелейтін суреттер мен бинокль, фотоаппарат сияқты құнды жәдігерлер қойылған. Көрме барысында белгілі фотограф Қалиғұмар Қабдешев өз фотоальбомын театрға сыйға тартты.

Театр маусымының ашылу салтанаты М.Әуезовтің «Абай» спектаклімен жалғасты. Өнер ұжымы әр жаңа маусымда М.Әуезовтің бір шығармасын сахналауды театрдың дәстүрлі түрде қалыптасқан үрдісі, жазылмаған заңы деп біледі. Спектакльде суық жылдар қойнауында халық зарына зар, халық тілегіне тілек қосқан ұлы гуманистік өршіл бейнесі дауылды теңіз бетінде талмай қалықтаған сұңқарды көз алдыңызға әкеледі. Айдар мен Ажардың басын арашалап қалуы, жуандықтың жеңілуі, әділеттің орнауы – халықтың жеңісі, халықтың ұлы Абайдың жеңісі екенін ұғуға болады.



Театр басшысы тағы бір сөзінде «Спектакль – тірі организм. Қандай туынды болсын – жаңа дүние. Мұнда ең бастысы – айтары болуы керек. Осы орайда, біз бұл маусымда көрерменге екі жаңа спектакль ұсынғалы отырмыз. Оның бірі – «Қан мен тер». Ол өткен ғасырда қазақ театр өнерінің бір бөлшегіне айналған үлкен спектакль болған. Біз сол пьесаға оралып, «Қан мен тер. Ақбала» деп атап, әйел мәселесін көтергелі отырмыз», – деді театр директоры Е.Жуасбек.

Қасиетті қарашанырақ осындай жақсы жаңалықтарымен, жаңа тыныспен өз көрермендерін жаңа маусымда күтеді.

Айым НҰРМАН.

МӘСЕЛЕ

«КАЛЬМАР ОЙЫНЫ»
балалар психикасы үшін аса қауіптіНұржамал
ӘЛІШЕВА

Қазіргі таңда үлкен-кішінің аузында «Кальмар ойыны» деген кәріс телехикаясы жүр. Дүниені дүр сілкіндірген сериалдың қаралымы 27 күннің ішінде 110 миллионнан асып, атақты «Netflix» платформасында ең танымал жоба атанды. Енді «Netflix» компаниясы бұл картинаны әрі қарай түсіру үшін 500 миллион АҚШ долларын бөлетінін хабарлады.

9 сериялы «Кальмар ойынының» сюжеті былай: өмірі тығырыққа тірелген, қарызы басындағы шашынан да асып кетіп, ақшаға арбалған 456 адам 45 миллиард вон үшін 6 түрлі ойында өзара бәсекеге түседі. Ойын шартынан жеңілген ойыншы табан астында оққа ұшады. Қатысушылар өлген сайын бәске тігілген дәу құтыдағы ақша саны заматта көбейіп отырады. Сондықтан қатысушылар асқан жауыздықпен бір-бірін өлтіруге дейін барады. Ең соңғы ойын – «Кальмар ойыны». Ойын соңында 455 адам өліп, тек 1 адам ғана тірі қалуы керек.

Өн бойы өшпенділік пен өтірікке, қатыгездік пен сатқындыққа, алдап-арбауға толы сериалдың сюжеті режиссер Хван Дон Хектің басында 13 жылдан бері пісіп жүріпті.

Жуырда Британия мұғалімдері «Кальмар ойыны» телехикаясы балалар психикасы үшін аса қауіпті деп ата-аналарға үндеу тастап, хат жазыпты. Өйткені, киноны бастауыш сынып оқушылары көріп қана қоймай, ондағы ойындарды мектеп қабырғасында қайталап жүрген көрінеді. «Телехикая желісі бойынша ойыннан жеңілген қатысушылар өлтіріледі. Ал балалар шын өмірде сол кейіпкерлерге еліктегісі келеді. Мұндай қатыгездік біздің құндылықтарымызға қайшы. Сериалды балаңызға көрсетпеңіз, зорлық-зомбылық насихаттайтын контенттен аулақ ұстаңыз», – деп дабыл қаққан британдық ұстаздар ересектерді интернеттен төнген қауіпке бірге қарсы тұруға шақырды.

Біздің отандық психологтер де телехикаяның баланың суицид жасауына себепші болуы мүмкін дегенді айтып отыр. Иә, режиссер сериал сюжетінің ең соңында мейірімділік бәрін жеңетінін жеткізгенімен, оған дейінгі көріністер жүйкелі жаншып тастайтыны анық.



Алысқа бармай-ақ, өзіміздің көшедегі жеткіншектердің ойынын алайын. Кешке үйге келген соң әдеттегідей балалармен дастархан басында бүгін не істегендерін сұрай бастадық. «Кальмар ойынын» ойнадық», – деді 11-дегі қызым.

– Оны қалай ойнадыңдар? – деп елең ете қалдым.

– Кәусар, Әлібек үшеуіміз «Сағат 16.00-де «Кальмар ойынына» келіндер» деп балалардың есіктеріне қағаз қыстырып кеттік. Сосын айтылған уақытта бәріміз жиналды. Кинодағы үшбұрыш, жұлдызша, қолшатыр сынды бейнелерді ермексизден жасадық. Ал арқан тартысу ойынына келгенде мыналар (ағасын айтады) ойнамай кетіп қалды. Ал біз жеңген адамға кәмпиттерден сыйлық дайындап қойып жүрсек, – деп бұртиды.

Сонда біз, ата-аналар, күнделікті тепең тірлікпен түзде жүргенде бала біткен «қан-қан» сериалды түгел көріп тастаған болды ғой. Ондағы ойын түрлерін шемішкеше шағып айтып беріп тұр өзіңе.

Иә, қазір бүкіл әлем балалары бұл ойынды үзілісте ойнауды әдетке айналдырған. Кішкентайлары «бұл бар-жоғы ойын ғой» деп жүргенде, ауыспалы, желіккен

кезеңде жүрген ересектеулері бір-біріне тапанша кеземесіне кім кепіл?! Сериалдағы басты ұстаным – қателеспеуің керек, егер мұлт кетсең, өлесің. Ал балада «ешбір қателікке жол жоқ» деген түсінік қалыптасатын болса, ол өте ауыр жағдайларға алып келуі мүмкін ғой.

Енді мынаны қараңыз, Мәскеудегі кәріс дәмханаларының бірінде келушілерге сериалдағы кейіпкерлердің іс-әрекетін қайталау ұсынылады екен. Мәселен, алдына әкелінген печеньедегі бейнені қалған бөлігін бұзбай иненің ұшымен 10 минут ішінде кесіп алу жүктеледі. Оның орындауын дәл фильмдегідей қызғылт киім киген, автомат асынған, бетпердедегі қарақшылар бақылап тұрады. Тапсырманы орындай алмағандар ащы бұрыш жейді. Ал жеңіске жеткендер тегін тәттіге ие болады.

Телесериал атының аспандағаны соншалық, ондағы қарақшылар киетін киімдердің қызғылт түсі мен 456 ойыншы киетін жасыл түсті спортивка бүгінгі күннің трендіне айнала бастаған.

Осындайда «көк жәшіктің» тәрбие құралы екенін мойындамасқа шараң қалмайды. Сондықтан экранымыз да, сөзіміз де, өзіміз де, ұрпағымыз да тұзу болса дейміз.





Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Биыл Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толып отыр. Яғни 1991 жылдың 16 желтоқсанында әлемнің саяси картасында жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды. Дәл сол күні біз өзіміздің Тәуелсіздігімізді, ата-бабамыз армандап өткен бостандығымызды алдық.

Отаршылдық бұғауынан босағанымызға, міне, аттай 30 жыл болыпты. Осынау ақ түйенің қарны жарылып, ақ биенің сүтіне шомылған күнді қастерлеуіміз керек. Азаттықтың арайлы таңынан бері тәу етер киемізге айналған Тәуелсіздік – біздің ең ұлық мерекеміз.

Біз алтын таққа отырған асқақ дәуірлерді де, өзгенің бодауында болған кер заманды да бастан кешкен елміз. Сондықтан халқымыз азаттық рухын терең сезініп, жан-жүрегімен түсіне білуге тиіс. Бірлігі кетіп, берекесі қашқан халқымыз «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада» қынадай қырылған. Аласапыран заманда ағайынның алауыздығынан басына бұғалық түсіп, бұлт үйірілген бұлдыр күндер де халықтың басынан өтті. Бірақ тағдырдан талай теперіш көрген халқымыздың рухы жасымады. Азаттық Ұлы Даланы мекен еткен аталарымыздың асыл арманы еді. Біз осы асқақ арманға қол жеткіздік. Еркіндік аңсаған қазақ халқының өршіл мінезі, намысты жаныған жастар бұлжынысы Желтоқсанда жанартаудай жарқ етіп, жаңа тарихымызға елеулі із қалдырды.

Тәуелсіздікпен бірге біз елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғырттық. Осылайша төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың мәңгілік ел мұратын қайта жалғадық. Тегеуріні берік, тепкісі қатты нәубет замандарда тең жарымынан айырылған халқымыз ана тілі мен қасиетті дінінен көз жазып қала жаздады. Дегенмен, соның барлығы қазағымыздың рухын жасыта алған жоқ. Қазақтың азаттыққа деген аңсарын жеңе алмады. Қазақ рухы асқақ!



Шыны керек, біз Тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол Тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек, еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Бұл орайда, Қазақ елінің танымалдығы артқан сайын оның Тәуелсіздігі орныға түсетіндігін ұмытпауымыз қажет.

Алайда, азаттық алумен іс бітпейді. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін заманға сай амал жасаған абзал. Біз тәуелсіздігінен айырылып қалған елдердің тағдырынан тиісті қорытынды шығарып, тағылымы мол сабақ алуымыз керек. Ел бірлігін басты байлыққа балап, саяси тұрақтылықты экономикалық жетістіктермен ұштастыра білген жөн. Осылайша Қазақстан шын мәнінде азат елге, айбынды мемлекетке айналады.

Біз еліміздің гүлденуі жолындағы қиын белестердің тең жартысын артқа тастадық. Алайда, бұлардың барлығы бізге оңайлықпен келген жоқ. Ең бастысы, аз уақыттың ішінде экономика саласында толағай жетістікке қол жеткіздік. Өнеркәсіп саласы 10,5 пайыздық белесті бағындырды. 700-ден

астам мектеп және 500-ге жуық денсаулық сақтау нысандары салынды. Осы аралықта 110 миллиард доллар көлемінде инвестиция тартылды. Халқымыздың саны осы аралықта бір жарым миллион адамға көбейді. Бұл жетістіктің барлығы да – бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан халықтар достығының көрінісі.

Тәуелсіздікпен бірге тілімізді түлетіп, дінімізді өркендетіп, тамырымызды жалғап, салт-дәстүрімізді жаңғырта бастадық. Кейінгі кездері патриоттық сезім туралы да жиі айтатын болдық. Шын мәнінде отаншылдық – Тәуелсіздікті құрметтеу, мемлекетті қастерлеу, өз Отаныңды қалтқысыз сүю. Біз табанды тұлғалар тәрбиелеу арқылы ғана ел Тәуелсіздігінің баянды болатынын ұмытпауымыз керек. Егемендік алу оңай емес, ал еңсесін тіктеген ел болу одан да қиын. Біздің алдымызда Тәуелсіздікті қорғау, татулықты сақтау, тұрақтылықты орнықтыру секілді аса күрделі тарихи істер тұр.

Жұлдызды 30 жылда біз елдің көшін аудармай, шаңырағын шайқалтпай, іргесін бекітіп, шекарасын заң жүзінде шегеледік.

Мемлекеттік құрылымдарды негіздеп, алтын арқаулы үзіліп қалған игілікті дәстүрлерді қайта жалғап, оны берік орнықтырып келеміз. Елтаңбаны айшықтап, күн астындағы алтын қыраны қалықтаған Көк Байрақты шарықтатып, Әнұранды шықаттық. Жұлдызды 30 жылда ұлтты ұйыстырып, қаймағы бұзылмаған берекелі бірлік орнаттық, ұлтаралық келісім мен діни түсіністікке негізделген бірегей қоғам қалыптастырдық. Елдігіміз еңселеніп, дүние жүзі қазақтарының құрылтайын өткіздік, тағдырдың талайымен әлемге тарыдай шашылып кеткен қандастарымызды құтты қара шаңыраққа қайта жинадық. Адамзатты жаппай қырып-жоятын жойқын қарудан біржолата бас тартқан еліміз бейбітшіліктің белдеуіне айналды. Біз әлемнің алпауыт мемлекеттерімен терезесі тең жағдайда әріптестік қарым-қатынас орнаттық. Кеткеніміз келді, кемшілігіміз толды, ұлттық құндылықтарымыз ұлықтала бастады.

Тәуелсіздік арқылы мәдениетіміз құлашын кеңге жайып, қарқынды дамуына зор мүмкіндік алды. «Мәдени мұра» бағдарламасы бұған үлкен серпін берді. Шет елдерден қазақтың мәдениеті мен тарихына қатысты 5000-нан аса қолжазба мен көшірмелер әкелінді. Соның бәрі ел игілігі мен мемлекеттің мүддесі, ең бастысы, қазақ халқы үшін атқарылды. Қаншама жәдігерлер жөнделіп іске қосылды. 700-ден астам тарихи ескерткіштеріміз қалпына келтірілді, «Қазақтың 1000 әні», «Қазақтың 1000 күйі» жарыққа шықты, қазақ халқының көптеген кемеңгерлерінің, философтарының еңбектері қайта басылды, әлемнің көптеген тілдеріне аударылды.

Жұртшылық тарихтың ашы дәмін еш ұмытпауға тиіс. Ол ұлттың жадында терең сақталып, құрметтелуі шарт. Кейбір жаһанда орын алып отырған жайттарға үнілсек, Тәуелсіздіктен айырылу да оңай болатынын байқайсыз. Соны ойлап, Тәуелсіздіктің қадірін, тағылымын түсірмей, маңызын жоғалтпаған ұрпақ қана сондай қасиетті сақтап қалатынына сенесін. Қазір қазаққа көз салып отырған жау жоқ емес. Сол тұрғыдан ойлап, қазақ ұлылығын мәңгіге сақтаса екен. Біз – ұлы халықтың ұрпағымыз, ұлы мемлекеттердің, ұлы империяның жұрнағымыз. Қайтадан сондай болуымыз керек, ұмтылысымыз да, мұратымыз да сол болғаны абзал. Қиыннан қиыстырып, жол табудың арқасында ғана қазақ Тәуелсіздігінің іргетасы берік болды. Оны шайқалту – кешірілмес күнә.

АТАУЛЫ АУДИТОРИЯ

Ғалым
атындағы
дәрісхана



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі – Қазақстандық медицина университетінде ҚР Денсаулық сақтау, медицина ғылымы мен білім беру саласын дамытуға елеулі үлес қосқан профессор Бекмахан Құралбаевтың атына дәрісхана ашылды.

Салтанатты іс-шараға ғалымның замандас-әріптестері, шәкірттері, отбасы мүшелері, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен магистранттар қатысты.

Бекмахан Сыбанбайұлы еңбек жолын қатардағы дәрігерліктен бастаған. Ол әр жылдары Алматыдағы №1 және №5 қалалық ауруханалардың бас дәрігері, ҚР Президенті және Министрлер Кабинеті аппараты Денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Алматы облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы, ҚР Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының орталық клиникалық ауруханасының бас дәрігері сияқты жауапты қызметтер атқарған. ҚР ПІБ Медициналық орталығының «Алматы шипажайы» АҚ президенті болған. Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

Б.Құралбаев 300-ге жуық ғылыми еңбектің, 10-нан астам монографияның, 30-дан астам әдістемелік оқулықтың авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 7 докторлық және 15 кандидаттық диссертация қорғалған.

Дәрісхананың ашылу салтанатында Б.Құралбаевтың зайыбы, Қазақстан Республикасының үздік дәрігері С.Сәрсембаева ғалымның өмірінен тағылымға толы әдемі естеліктер айтты.

– Атаулы аудиторияның ашылуы ЖОО үшін өте маңызды оқиға болды. Өйткені, университетте білім алушылар ғылыми қызметімен, өнегелі өмір жолымен отандық денсаулық сақтау саласының дамуына елеулі үлес қосқан еліміздің біртуар азаматтарын білуі керек. Мұндай іс-шара ғылымға, білімге деген құрмет деп білемін, – деді Алматы қаласы Бостандық ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Әсен Беспаева.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қос диплом – болашаққа жолдама Варшава университетінде оқуын сәтті аяқтаған біздің магистранттарға екінші диплом табыс етілді

Бүгінде Қазақ аграрлық ұлттық зерттеу университеті шетелдік жетекші университеттермен және ғылыми орталықтармен ынтымақтаса отырып, түрлі халықаралық бағдарламаларды іске асыруда және әлемдік ғылыми кеністікпен интеграциялану бағытында елеулі табыстарға жетуде.

Мысалы, АҚШ, Еуропа, Тынық мұхит аймағы елдерінің беделді университеттерімен белсенді ынтымақтаса отырып, біз ЖОО-ның қос диплом беру бағдарламасын қалыптастырдық. Мысалы, Варшава Жаратылыстану ғылымдары университетімен (Польша) «IT-технологияларды пайдалана отырып, су ресурстарын басқару» қос дипломды магистрлік бағдарламасы сәтті іске асырылуда.

2021 жылдың 15 қазанында ҚазҰАЗУ Басқарма төрағасы–ректор Тілектес Есполов, оқытушылар және Варшава Жаратылыстану ғылымдары университетінің «қос диплом» бағдарламасы бойынша оқуды табысты аяқтаған түлектерінің қатысуымен екінші дипломдарды салтанатты түрде табыстау өткізілді.

Дипломдарды әлемге танымал профессор, Варшава жаратылыстану ғылымдары университетінің (SGGW) «Қашықтан зондтау және қоршаған ортаны зерттеу» кафедрасының меңгерушісі Ярослав Чорманский өз қолымен тапсырды. Қазіргі уақытта ол гидрологиялық модельдеуге, экогидрологияға, ГАЖ және қашықтан зондтауға машықтанған ірі маман-ғалым. Профессор Я.Чорманский табиғи ортаның параметрлерін бағалау үшін зерттеулерде WALS-SGGW-де ұшқышсыз аппараттарды қолданудың негізгі бас-



тамашыларының бірі болып табылады. Қашықтан зондтау және қоршаған ортаны зерттеу» кафедрасының өзінде екі ғылыми пән бойынша зерттеулер жүргізіледі: экологиялық инженерия, тау-кен ісі және энергетика; азаматтық құрылыс. ҚазҰАЗУ магистранттары – Нұрманбетова Назгүл, Мұханбет Ерлан, Жұмабекова Айнұр, Елубаева Мира, Бақытқызы Назгүл, Айтуар Әйгерім, Қазықанова Арманай, Вакасова Гульдана «экологиялық инженерия» мамандығы бойынша оқып, білімдерін жетілдірді.

Әрине, оқу дегеніміз диплом алумен аяқталмайды. Ол өмір бойы жалғасатын, толығы беретін асыл қазына. Тек өз ісінің нағыз маманы ғана алған білімін өмірде нақты істерде қолдана алады. Аграрлық университеттің барлық түлектері осындай білікті, өте қа-

жетті кәсіпкер мамандар болатынына сенімдіміз. Еліміз міне, осындай жас, жан-жақты дайындалған, білікті мамандардың жаңа буынымен толығуда. Олар республикамыздың ауыл шаруашылығын дамытып, аграрлық секторды өркендетуге өз үлестерін қосатын болады.

«Қазақстандық агроөнеркәсіптік кешенге білікті кадрлар дайындаудағы қосқан жемісті еңбегі үшін Варшава жаратылыстану ғылымдары университетіндегі әріптестерімізге, профессор Ярослав Чорманский арқылы үлкен алғысымызды білдіреміз! Біздер үшін бұл ынтымақтастықтың болашағы өте жоғары бағаланады. Бүгінгі жетістік – бұл біздің ортақ жетістігіміз деп санаймыз!», – деп атап өтті ректор Тілектес Есполов.



ФУТБОЛ

«Қайрат» тәжін шешті



Қазақстан чемпионатының 24 турында сырт алаңда «Ақтөбені» 2:1 есебімен жеңгеніне қарамастан, «Қайрат» чемпиондық атаққа таласа алмайтыны белгілі болды. Соңғы екі турда қарсыластарын тізе бүктіретін болса да, алматылықтар «Тобыл» мен «Астананы» қуып жете алмайды. Қостанайлықтар соңғы турда сырт алаңда – «Қызылжарды», елордалықтар «Қайсарды» өз алаңында 2:0 есебімен жеңді де, «Қайраттың» қолы жетпес тұсқа ұзап кетті.

Дегенмен, «Қайрат» бәрібір чемпиондық атақты тағдырын өз уысында ұстап тұр. Осы аптаның соңында Алматыдағы Орталық стадионда «Қайрат» – «Астана» кездесуі өтеді. Алматылықтар жеңетін болса, «Тобылдың» чемпиондық жолы ашылады. Ал тең ойын немесе «Астананың» жеңісі тіркелсе, қос үздік арасындағы егес соңғы турға дейін жалғасады.

Өткен турда премьер-лигадан түсіп қалған екінші команда белгілі болды. «Астанаға» қарсы жанкештілікпен ойнаса да, тіпті қақпашы Леонов бас мерген Томасовтан пенальти қайтарса да, «Қайсар» Olimpbet-Қазақстан чемпионатымен қош айтысты. Бұған дейін «Жетісу» (Талдықорған) бірінші болып бас лигадан үміт үзген еді.

Мергендер тартысында астаналық Марин Томасовтың беталысы қатты. Ол соңғы төрт турда

қарсыластар қақпасына 6 гол енгізіп, 17 доппен бәсекелестерінен ұзап кетті. Оның қарқынына шыдап келе жатқан – «қайраттық» Артур Шушеначев қана. Маусым ортасында Артур бес турда қатар қанжығасын майлап, Томасовты өкшелегендей болып еді. Бірақ кейінгі турларда ол араға бір матч салып гол соғып, біраз кейіндеп қалды. Қазір Томасов пен Шушеначев арасын бес доп бөліп тұр.

«Қайрат» соңғы екі тур нәтижесіне қарамастан, биылғы біріншіліктің қола жүлдегері атанды. Енді алматылықтар 24 қазанда өз алаңында «Астананы» қабылдайды, 30 қазанда сырт алаңда «Жетісумен» кездеседі. Елордалықтармен кездесуге дейін «Қайрат» Конференция лигасының III турында «Қарабақпен» (Өзербайжан) ойнайды. Бұл турнирде әзірше еншімізде бір ғана ұпай бар. Сондықтан еурокуз матчтары да өте маңызды екені сөзсіз.

«Қайраттың» келесі жылғы құрамы туралы алыпқашпа сөз көп. Тіпті, бразилиялық легионер Вагнер Лавтың командадан кететіні туралы да аз айтылған жоқ. Күні кеше Вагнер өзінің әлі футболшы ретінде екі-үш жыл жасыл алаңда жүргісі келетінін, бапкерлікті әзірше жоспарлап отырмағанын айтты. Бірақ «Қайрат» әзірше жаңа келісім-шарт ұсына қойған жоқ.

ОЛИМПИАДА



Бейжің алауы тұтанды

Кеше Грекияның Пелопоннес түбегінде 2022 жылғы Қысқы олимпиялық ойындардың алауы тұтатылды. Аңыз бойынша б.д.д. VIII ғасырда осы түбекте алғашқы олимпиялық ойындар өткен делінеді. Даңқты Олимп тауында адамзат қазіргі олимпиялық ойындардың барлығының алауын осы тұстан тұтатып, алау эстафетасын ұйымдастырады.

2020 жылы дәл осы жерде Токио Олимпиадасының алауы жанған еді. Алайда, пандемия салдарынан бұл рәсім жанкүйерсіз өткізілді. Рәсімге Грекия Республикасының басшылығы мен ресми делегация ғана қатысты. Эстафетаның Грекия аумағындағы кезеңдері мүлде өткізілген жоқ.

Биылғы салтанатты шара да соған ұқсас болды. 2022 жылғы Қысқы олимпиаданы Қытай астанасы Бейжің қаласы қабылдайтыны белгілі. Осы ойындар құрметіне алау тұтату салтанатына Грекия президенті Катерина Скелларопулу, ХОК президенті Томас Бах қатысты.

Дәстүр бойынша, алау Гера ғибадатханасында параболикалық айнаның көмегімен күн сәулесінен тұтатылды. Гера рөлін ойнаған актриса Ксанти Георгиу Аполлонға және Зевске дұға оқып, барлық талапты сақтады. «Гераның» қолынан бірінші болып олимпиада алауын шаңғышы Яннис Антониу алды.

Олимпиада бастаушысы ретінде Грекия алау эстафетасын өткізуге құқықты болса да, қазіргі жағдайға сай үш адам ғана эстафетаға қатысты. Оның екеуі – грек, біреуі – қытай спортшысы.

Алау тұтатылған соң Афина қаласына жеткізіліп, онда Акропольде бір түн жанып тұрды. Бүгін жергілікті сағат 12-де алау салтанатты түрде Қытай делегациясына ұсынылады. Бұл шараның бәрі тікелей эфирден көрсетілді.

Естеріңізге сала кетейік, жаңа ғасырда Бейжің екінші рет олимпиада астанасы атанып отыр. Бұл шаһар 2008 жылы Жазғы олимпиялық ойындарды қабылдаған еді. Енді Қысқы ойындар осы қалада өтеді.

КӘСІПҚОЙ БОКС

Қос мықтының шоуы өтеді



Қазақстандық боксшылар Данияр Елеусінов пен Иван Дычконың менеджері Зия Әлиев жақында промоутер лицензиясына қол жеткізді. Енді ол желтоқсан айында Нұр-Сұлтан қаласында бокс кешін өткізуге әбден құқылы.

«Қалалық әкімшіліктің рұқсатын алдық. Енді Қазақстан кәсіпқой бокс федерациясы кешімізді санкциялайды. Кард өте жоғары деңгейде болады. Негізнен, қазақстандық боксшылар ортаға шығады. Біз бұл бокс кешін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнағмыз келеді», – деді З.Әлиев.

Кеште барлығы 10 кездесу өткізіледі. Жарыс «Жекпе-жек» сарайына жоспарланып отыр. Д.Елеусінов пен И.Дычко осы кеш үшін алдын ала жоспарлаған кездесулерінен бас тартып, жаттығуға кірісіп кетті.

Бокс кеші 18 желтоқсанда өтеді.

БОКС

Бүкіләлемдік әуесқой бокс қауымдастығы (АИБА) тамыз айының басында атқару комитетінің отырысын өткізіп, жаңа реформаларын жариялаған еді. Алғашқы өзгеріс – салмақ дәрежелеріне қатысты. Бұған дейін боксшылар әлем чемпионаттарында – 10, олимпиялық ойындарда 8 салмақ дәрежесінде сынға түсіп келген болса, енді салмақ дәрежелері 13-ке дейін көбейтілді. Әрине, 2024 жылғы Париж Олимпиадасында да бокс бәсекелерін ХОК өзі өткізеді. Ол 13 салмақтың нешесін олимпиада бағдарламасында қалдыратыны әзірге белгісіз.

Дегенмен, 26 қазан – 5 қараша аралығында Сербия астанасы Белград қаласында өтетін әлем чемпионатында жаңа 13 салмақта спортшылар сынға түседі. Қазақстан құрамасы қазір Түркістан облысындағы «Алматау» базасында оқу-жаттығу жиынын өткізіп жатыр. Бас бапкер Қайрат Сәтжанов жиынға 60-қа жуық спортшы шақырды. Оның ішінде кәсіпқой бокста өнер көрсетіп жүрген шеберлер де бар. Бапкер әзірше нақты 13 боксшыны атаған жоқ.

Бізге жеткен ақпарат бойынша, әлем чемпионатына Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев қатыспайды. Ол кәсіпқой бокста кездесу өткізу үшін шетелге жаттығу жиынына аттанып та кетті. Сондай-ақ, Василий Левит, Бекзат Нұрдуәлетов сияқты шеберлер де алдағы додадан тыс қалады. Жақында жастар арасындағы Азия чемпионатында жақсы нәтижеге жеткен жас боксшылар арасынан да әлемдік додаға қатысатындар шығуы мүмкін. Қалай дегенде де, боксымызға үлкен өзгеріс керек еді. Сол өзгерістердің алды болып та жатқан сияқты.

Қазір әр салмақта бірнеше үміткер бар. Бас бапкер кімдерге сенім артуы мүмкін?

Белград бәсекесінің сипаты басқа



Үміткерлер ретінде мына боксшыларды айтуға болады:

- 48 келі. Даниял Сәбит, Жомарт Ержан, Теміртас Жүсіпов.
- 51 келі. Сәкен Бибосынов, Санжар Тәшкенбай, Талғат Сырымбетов.
- 54 келі. Сабырхан Махмұд, Олжас Байниязов, Кенже Мұратұлы.
- 57 келі. Қайрат Ералиев, Оразбек Асылқұлов, Бибарыс Жексен, Айдос Арапов.
- 60 келі. Саматәлі Төлтаев, Бекнұр Ожанов, Серік Теміржанов, Елнұр Сүйінбай.
- 63,5 келі. Санатәлі Төлтаев, Ертуған Зейнулинов, Нұржан Серіков, Сабыржан Аққалықов.
- 67 келі. Абылайхан Жүсіпов, Асланбек Шымбергенов, Дарқан Дүйсебай, Қуан Қуатов.
- 71 келі. Ермахан Жәкпеков, Арман Арманұлы, Аятолла Тәжіжанов, Дулат Бекбауов.
- 75 келі. Ерасыл Жәкпеков, Тимур Нұрсейітов, Диас Молжігітов, Нұрқанат Райыс.
- 80 келі. Нұрбек Оралбай, Бауыржан Байғөшек, Азамат Бектас.
- 86 келі. Сағындық Тоғамбай, Бек Нұрмағанбет, Оңталап Рахманов.
- 92 келі. Айбек Оралбай, Мәди Әміров, Айболды Дәуренұлы.
- 92 келіден жоғары. Сабырғали Аманат, Мұхамеджан Еркін, Даниял Сапарбай, Нұрлан Сапарбай.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында еліміздегі цифрландыру саласын дамыту мен отандық IT-саланы күшейту мәселелеріне баса назар аударуды тапсырып: «Мемлекеттік органдардың жұмысы цифрлы форматқа көшуі тиіс. Мәліметтерді қарайтын заманауи орталықтар құрылып, олар өз кезегінде көрші елдерге қызмет көрсетуі керек. Қазақстан цифрлы хабқа айналуы бүтінгі күннің талабы» деген болатын.



Қала үшін үлкен маңызға ие Smart City-ді құруға дайын IT-командалар үшін барлық жағдай жасалған. Бүгінде қалада IT-архитектурасы дайын кеңсе кеңістіктері бар. Бұл орындар оқыту тренингтері мен курс жүргізуге, сондай-ақ, қалалық қызметтермен өзара байланыс орнатуға таптырмас диалог алаңы іспеттес.

**Бакытжан
САГЫНТАЕВ.**

Бұл міндетті жүзеге асыруда Алматы үлкен рөл атқарады. Мегаполис әкімі Бакытжан Сағынтаев атап өткендей, цифрландыруды экономика саласы ретінде дамыту – біздің қала экономикасының құрылымын әртараптандыру жөніндегі бағытымыздың стратегиялық ба-
сымдығы.

Бұл бағытта белсенді жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде Алматыда мемлекеттік қызметтердің 97,8% автоматтандырылған. 2025 жылға дейін барлық мемлекеттік қызметтерді смартфондардан электрондық форматта ұсыну бойынша жұмыс жүргізіледі.

Smart Almaty-ның 2025 жылға дейінгі стратегиясы әзірленді, қаланың барлық IT-компанияларының тізілімі жасалды. Сондай-ақ, қаланың «цифрлық егізі» әзірленуде. Қазір билік мегаполисті Big data және жасанды интеллект негізінде тиімді басқаруға ұмтылуда.

Алматыда IT-қоғамдастықты қолдау және дамыту үшін қаланың барлық университеттері мен технологиялық компанияларды біріктіретін бірыңғай коммуникациялық кеңістік іске қосылды. Жыл соңына дейін екі мың адамға арналған лицензиялары бар «01 Француз мектебі» моделі бойынша бағдарламалау мектебін ашу жоспарлануда. Білім алушыларды алғашқы қабылдау келесі жылы қолға алынбақ. Бұдан басқа, Алматының әрбір ауданында жеке инвестицияларды барынша тарта отырып, бағдарламалау, Радиоэлектроника және IT-инкубаторлар мектептері пайда болуы тиіс.

Smart City бағдарламасы алматылықтардың тұрмыс-тіршілігін ыңғайлы әрі оңай етіп, жалпы өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етуде. Осы орайда Алматы «ақылды қалалардың» жаһандық рейтингінде көш бастап, цифрландырудың қарқынына ілесіп кете алатынын көрсетіп отыр.

Цифрландырудағы жетістіктер

Алматы қаласының Цифрландыру басқармасы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жаңа құрылымдық бөлімше «ақылды қала» жобаларын енгізумен, мемлекеттік қызметтерді автоматтандырумен, деректерді басқарумен және IT-технологияларды дамыту үшін жағдай жасаумен айналысады.



АЛМАТЫ: «АҚЫЛДЫ ҚАЛАДАҒЫ» ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР



ПД басшысы Қанат Таймерденовтің айтуынша, бейнебақылау жүйесін кеңейту жұмыстары Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауына сәйкес жүргізілуде. Бүгінде әкімшілік ғимараттар мен қоғамдық орындардың басым бөлігі бейнекамералармен қамтылған. Бұл талаптар азаматтардың құқығының сақталуы мен ашықтық қағидасын қамтамасыз ету үшін қойылған.

Алматыда биыл «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешенінің қосымша 362 бекетін, яғни 2088 камера орнату жоспарланып отыр. Бүгінде қалада 464 «Сергек» камерасы жұмыс істейді. Бұл 2302 камера (383 желілік және 383 жол қиылысы) деген сөз.

«АҚЫЛДЫ» БАҒДАРШАМДАР

Алматы әкімдігі жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу мен пайдаланудың жаңа ережелерін әзірлеген. Шаһардың бағдаршам жүйесін модернизациялауға мүмкіндік беретін жаңа ереже Қазақстан Республикасының «Алматы қаласының ерекше мәртебесі» Заңының аясында жүзеге аспақ. Өткен жылы 93 бағдаршам зияткерлік көлік жүйесімен жарақтандырылған. Қалған бағдаршамдар 2022 жылдың соңына дейін жабдықталады.

«Ақылды» бағдаршамдар жолдардағы қозғалысты өзі реттейді, қондырғы жүргізушілер үшін қолайлы уақытты (20 немесе 30 секунд) болжай алады. Сонымен қатар, бағдаршамдардың зияткерлік жүйесі жолақтар, бағыттар бойынша көлік санын автоматты түрде санап, көлік жылдамдығын анықтайды.



«СЕРГЕК» КАМЕРАЛАРЫНЫҢ КӨМЕГІ

Бүгінде Алматы көшелерінің бойында бақылау камералары көбейді. Қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін бақылау мақсатында қолға алынған «Сергек» жобасы аясында мегаполисте қылмыс пен тәртіп бұзушылық азайды. Автоматтандырылған жүйе біраз қылмыстың ізін суытпай ашуға мүмкіндік береді. Қазіргі жол бойында орналасқан камералар адамдардың бейнелерін ғана емес, сонымен қатар машинаның мемлекеттік нөмірін және ең маңызды сәттерді айнытпай жазып алуға қабілетті. Алматы қаласы



Бүгінде Алматы халқын 100% цифрлы сауатты деп айтуға әбден болады. Өйткені, бұрындары қандай да бір шаруаны бітіру үшін тұрғындар сол мекеменің табалдырығын тоздырып, ұзын-сонар кезекте тұратын, уақыт жоғалтатын. Ал қазір кез келген алматылық үйден немесе кеңседен шықпай-ақ түрлі операцияларды жасай алады. Кез келген төлемді, оның ішінде салық, айыппұл төлеу, коммуналды қызметтерді жасау секілді, тағы да басқа көптеген операцияны орындауға дағдыланған. Бұл цифрландырудың жетістігі екені сөзсіз.

2021 жылдың соңына дейінгі жоспарлар



IDC рейтингінде Алматы қаласының цифрлық жетілу деңгейі



Дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Қазақстан БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесіне мүше болды



Әсел БЕЛДЕУБАЕВА

БҰҰ Бас Ассамблеясының 76 сессиясы кезінде Қазақстан Республикасы 2022–2024 жылдарға БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қазақстанның Кеңестегі жұмысының басым бағыттары гендерлік теңдікті ілгерілету және әйелдердің құқығы мен мүмкіндігін кеңейту, өлім жазасын жаппай жою, төзбеушіліктің барлық нысандарына қарсы күрес, дін мен сенім бостандығы, инклюзивті және жалпыға бірдей білім беруді қамтамасыз ету және COVID-19 пандемиясы жағдайында адам құқықтарын құрметтеу болмақ.

«Еліміздің дүниежүзілік ұйымының бас құқық қорғау органына сайлануы оның Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық нормалар мен стандарттарды ілгерілету процесіне белсенді және жауапты қатысушы ретіндегі ролін мойын-

дау болып табылады», – дейді мамандар.

Қазақстанмен бірге БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің құрамына АҚШ, Люксембург, Финляндия, Литва, Черногория, Аргентина, Гондурас, Парагвай, Бенин, Камерун, Эритрея, Гамбия, Сомали, Үндістан, Малайзия, Қатар және Біріккен Араб Әмірліктері кірді. Бұған дейін еліміз Адам құқықтары жөніндегі кеңеске 2013–2015 жылдары сайланған болатын.

Адам құқықтары жөніндегі кеңес – БҰҰ жүйесінің үкіметаралық органы, оның құрамына әлемдегі адам құқықтарын көтермелеуге және қорғауға жауапты 47 мемлекет кіреді. Кеңес құзыретіне оның назарын талап ететін адам құқықтары саласындағы барлық тақырыптық мәселелер мен жағдайларды талқылау кіреді.

Кеңес мүшелері 5 өңірлік топтан сайланады және өз міндеттерін 3 жыл бойы атқарады. Адам құқықтары жөніндегі кеңестің отырыстары БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінде өтеді.

Діни жағдай тұрақты



Әсел ДАҒЖАН

Конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету және қолдау жөніндегі жұмыстар туралы онлайн-брифинг кезінде мегаполистің Дін істері басқармасы басшысының орынбасары Ерғали Көшекке айтып берді.

Басқарма басшысының орынбасары «Дін істері басқармасы дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша сапалы және жүйелі жұмыстар жүргізуде» деді.

«Біздің ведомство негізгі 4 бағыт бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын, деструктивті идеологиядан зардап шеккен адамдармен профилактикалық және оңалту жұмыстарын жүргізу және БАҚ пен интернет кеңістігінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы насихат», – деді спикер.

Бүгінде Алматыда 184 тіркелген діни бірлестік жұмыс істейді. ҚР бойынша 18 конфессияның 17-сі мегаполисте шоғырланған. 115 діни ғимарат жұмыс істейді, яғни мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар, діни ғимараттар. Сондай-ақ, 64 миссионер тіркелген.

«Халықтың түрлі санаттары арасында біз жүйелі ақпараттық-түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жүргіземіз. Алдымен жастарды қауіпсіздендіруге тырысамыз. Қалада ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істейді, оған 40-тан астам маман кіреді», – деді Е.Көшек.

Жыл басынан бері діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу аясында 63 мың адамды қамтитын 507 іс-шара өткізілген. Бұдан басқа, халық арасында зайырлылық қағидаттарын түсіндіру бойынша

іс-шаралар жүргізілуде. Шектеу шараларына қарамастан санитарлық нормаларды сақтай отырып, теологтер мен дінтанушылар жеті қалалық базарларда, екі сауда үйі мен сауда-ойын-сауық орталығында кездесулер өткізді. Дәрістерді барлығы 10 мыңнан астам адам тыңдаған.

Алматыда Ислам және оның ағымдары туралы сапалы сенімді ақпарат базасына айналған кеңес беру және оңалту орталығы жұмыс істейді. Көбінесе, діни көзқарастарында шатасқан немесе сенімнің кейбір даулы тұстарын түсіндіргісі келетін адамдар барады.

«Орталық мамандары жеке бағдарламалар әзірлейді, әрбір зардап шегушіге түрлі әдістемелер қолданады», – деді Е.Көшек.

Дін істері басқармасы басшысының орынбасары Алматыдағы діни білім туралы айтып берді. Оның айтуынша, бүгінде қалада төрт діни оқу орны бар: «Нұр Мұбақ» Египет ислам мәдениеті университеті, ҚМДБ жанындағы ҚР имамдарының біліктілігін арттыру институты, «Әбу Ханифа» колледжі (медресесі) және Алматыдағы православ шіркеуінің рухани семинариясы.

Бұдан өзге, 2017 жылдан бастап конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету мақсатында Алматыда діни бірлестіктер көшбасшыларының клубы жұмыс істеуде. Құрылған кезден бастап клуб мүшелерінің қатысуымен 17 конфессия мен мемлекеттік органдар өкілдерінің арасындағы қарым-қатынастардың дамуына оң әсерін тигізетін түрлі мәдени, спорттық іс-шаралар мен жиналыстар өткізіледі. Жалпы алғанда, қаланың дін саласындағы қоғамдық-саяси жағдайы тұрақты. Басқарма жүргізіп жатқан барлық іс-шаралар ең алдымен конфессияаралық және ұлтаралық келісімді сақтауға бағытталған.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің киылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy»
Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Әсел ДАҒЖАН**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
күәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



ВАКЦИНА ҚАУІПСІЗ БЕ?

ВАКЦИНАЛАР ҚАУІПСІЗ

Кез келген лицензияланған вакцина сынақтың бірнеше сатысынан мұқият тексеруден өтеді және осыдан кейін ғана пайдалануға жарамды деп танылады.

Вакциналарды нарыққа шығарғаннан кейін олар тұрақты түрде қайта тексеру объектісіне айналады.

1406 COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ CALL ОРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ

ВАКЦИНАНЫ ІНДЕТПЕН АУЫРҒАН АДАМДАРДЫ ЕМДЕУ ҮШІН ҚОЛДАНУҒА БОЛА МА?

КВИ-ға қарсы вакцинация профилактикалық мақсатта жүргізіледі.

Вакцинациялаудан өтудің негізгі екі себебі - **өзіңізді қорғау және айналадағыларды қорғау.**

Вакцинация денсаулық жақсы кезде ғана жүргізіледі, **аурудың белгілері болған кезде вакцинация жүргізілмейді.**

1406 COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ CALL ОРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ

● КЕРЕК КЕҢЕС

Теңізге бет түзейік

Теңіз суы – адам ағзасына өте пайдалы. Себебі, онда созылмалы аурулардың басылатыны көпшілікке мәлім. Тіпті, тамақ, көмей бездерінің ісуінен, түрлі тері ауруларына дейін. Осындай демалыстан соң суық тию сияқты жұқпалы аурулар да азаяды, аллергия кетеді, баспа да мазаламайды.

Теңіз суы мен пайдалы минералдарға, микроэлементтерге толы ауа – ағзамыздың түрлі жүйесін жақсартуға ықпал етеді. Мәселен...

Йод – қала тұрғындарына жетіспейді, қалқанша безінен гормондардың бөлінуіне әсер етеді және зат алмасуды реттейді.

Бром – жүйке жүйесін тыныштандыруға оң әсер етеді.

Селен – жағымсыз экологияның әсерінен клеткалардың бұзылуын қорғайды.

Магний – ағзадан қажетсіз сөздердің бөлінуіне, буын қызметін нығайтуға қажет. Кальций – қан қысымын қалыпқа келтіреді, жүрек-қан тамырлары қызметі үшін маңызды роль атқарады.

Кальций – сүйек құрылысын қатайтады, тіске өте қажетті.

Жүзу кезінде адам денесіне өзіндік массаж жасалады. Ол массаж – бұлшық еттерді қатайтып, қан айналымын реттейді. Бұл аналарға де өте пайдалы, өйткені артық салмақ тастауға көмектеседі және терінің қалпын жақсартады. Айтпақшы, судағы массажды қабылдаудың ең оңай тәсілі – толқын соққан таяз суда, жағалауда жату. Сол сияқты, құмда жаяу жүру де ішкі органдармен байланысты табандағы рефлекторлы нүктелерінің қалыпқа түсуіне жақсы әсер етеді.



Елемеуге болмайтын ережелер

Жерсінуге – ағзаның географиялық, оның ішінде климаттық жағдайға бейімделуі. Ал жерсінбеудің нышаны мыналар: әлсіздік, көңілсіздік, бас ауру, бас айналу, тәбеттің қашуы, ұйқының бұзылуы. Кейбір жағдайларда жерсінбеу – дене қызуы көтерілуіне, қалқан безіне суық тиіп ісуге ұқсауы мүмкін. Сондай-ақ, ішек-қарын қызметінің бұзылуымен, жүрек айнып, локус мен құсу арқылы да көрініс табады.

Әдетте жерсінбеудің белгілері жер ауыстырғаннан кейінгі екінші, үшінші күндері білінеді немесе үш күннен бір аптаға созылады. Жерсінбеу – ересектерге қарағанда балаларға қаттырақ әсер етеді. Кей жағдайларда демалыстан үйге оралған соң да жоғарыдағы жайттар қайталанып, жерсінудің қайтуы орын алады.

Бірақ жағдай оншалықты жаман емес: жерсінбеуді жеңілдетуге болады.

1.Күн тәртібін сақтаңыз. Бір уақытта

ұйықтап-оянуға әдеттеніңіз. Егер де уақыт айырмашылығы бар елде демалсаңыз, бірден жаңа уақытқа бейімделуге тырыспаңыз. Бейімделу баяу іске асқаны дұрыс.

2.Саяхатқа шығардан 7–10 күн бұрын демалыс тәртібіне қарай бейімделе бастаңыз.

3.Тамақ ішу тәртібін сақтаңыз. Белгілі бір уақытта тамақтаныңыз, экзотикалық азық-түліктерді пайдалануды шектеңіз.

Ең бастысы, қашан, қайда және қанша уақыт демалатыныңызды алдын ала жоспарлаңыз. Күндізгі және түнгі температура деңгейінде аздап қана айырмашылығы бар, ылғалдығы жоғары емес жерлерді таңдауға тырысыңыз. Қалай болғанда да, теңізде 3 аптадан астам уақыт демалу керек. Себебі, оның алғашқы аптасы сол жердің климатына жерсінуге, ал қалған уақыт толыққанды демалуға жұмсалады.

Дайындаған С.САҒЫМ.

● ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тікелей қолдауымен жасалған «Qazaqstan» және «Хабар» телеарналарының қазақстандық сериалдары YouTube-те танымалдылыққа ие болуда.

«Qazaqstan» телеарнасының 100 сериялы «Замандастар» хикаясы YouTube-те 17 миллионнан астам қаралым жинады. Сериалды Қырғызстан, Ресей, Монғолия, Қытай, Өзбекстан және АҚШ көрермендері де көреді екен. Айта кетерлігі, сериал Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында түсірілді.

Бұрын-соңды болмаған премьералардың мінсіз маусымын «Хабар» телеарнасы таныстырды. Көрермен көзайымына айналған «Келінжан-3» сериалы рекордтық қаралым

Бізді шет ел көреді

санын жинап, YouTube видеохостингі трендеріне кірді. Отбасылық құндылықтарды дәріптейтін сүйікті «Келінжан-3» комедиясының жалғасы барлығы 15 серия бойынша 26 миллионнан астам қаралым жинады. Тікелей көрсетілім (трансляция) барысында сериал YouTube трендтерінің алғашқы қатарларын тұрақты түрде ұстап тұрды. Қазақстандық отбасының өмірін әлемнің 50-ге жуық елі көріп отырды.

«Хабар» телеарнасындағы осы күздің тағы бір премьерасы – «Рауза» телехикаясы – YouTube-те 19 миллионнан астам рет қаралған. 40 елдің көрермендері сүйікті кейіпкерлеріне 5 миллион сағат бойы жанашырлық танытты. «Хабар» сондай-ақ, қорықшының моральдық-адамгершілік құндылықтары мен қауіпті жұмысының қыр-сыры туралы баяндайтын «Қақпан» хикаясын ұсынды. Өз кезегінде YouTube қолданушылары көптеген оң пікірлер білдіріп, өздерінің сүйікті сериалдарын жалғастыруды сұрайды.

Ұлы дала суретшілері

Дубай елінде өтіп жатқан «Экспо» халықаралық көрмесінде қазақстандық суретшілер тың туындыларын таныстырды.

Шығармашылық иелерінің бұл жолғы жұмысына ұлттық өнер, мәдениет, салт-дәстүр және ұлы даланың қасиетті ұғымдары арқау болған. Суретшілер Нұрай Медеуова, Арыстан Смағұлов және Арман Бектас Қазақстан павильонына көпшілік назарын аударды. Мұнда негізінен, халқымыздың тари-

хына қызығушылар көп. Көрмедегі картиналар ұлттық құндылық жайында сыр шертеді.

– Қазір бүкіл әлем назары «Экспо» шарасында. Дубайдағы қалашықта 190 мемлекеттің павильоны орналаcқан. Күн сайын жаңашыл өнімдермен танысып жатырмыз. Қазақстандық павильон өзіндік тұрғыда ерекше. Ұлы дала философиясын осындай туындылар арқылы жеткізіміз келді, – деді суретші Арман Бектас.

Асық ату ресми санат алады

Ұлттық ойынымыз асық ату – ресми санат алатын болды. Ішкі біріншіліктерде топ жарғандар енді спорт шебері және спорт шеберлігіне үміткер атана алады.

Бұл жөнінде «Асық ату» федерациясының өкілі Марат Исламбеков мәлімдеді. Оның айтуынша, бастама ұлттық ойынымызды жаңғыртуға және қатысушылар санын арттыруға тың серпін береді. Қазір асық ату мектеп бағдарламасына қосылып, бірқатар білім ордасында үйретіліп жүр. Бұған қоса,



жыл сайын тұрақты ұйымдастырылатын жарыстары бар. Ол әртүрлі деңгейдегі спартакиада мен универсиадаларға қосылған.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.